

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 наурызда № 20184 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) "Заңды тұлғалар жұмыскерлеріне қызметтік қару және оған патрондарды сақтауға және алып жүруге рұқсат беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) "Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;

11) "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;

12) "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес;

13) "Заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес;

14) "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

2020 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
1-қосымша

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын 10-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген және "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шенберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттың жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның

тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіне мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес " Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшыларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттардың, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу немесе жасау немесе сату немесе коллекцияға жинау немесе экспонаттау, күзет қызметі, ақшалай қаражатты инкассациялау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, өндірістік-техникалық базаға, мамандандырылған шеберханаға, қару мен оның патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жайларға, коллекцияға жиналанатын қаруды сақтауға арналған үй-жайларға, күзет сигнализациясымен, кілтке жабылатын сөрелермен, сейфтермен немесе металл шкафтармен жабдықталған үй-жайларға меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, соттылығының, әкімшілік құқық бұзушылықтардың болмауы туралы мемлекеттік алымның төленгені, жоғары техникалық білімінің болуы туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет "шлюзі" арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – бас тарту) нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды. Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 5 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10352 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі – № 5 бұйрық) Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестілігін растайтын құжаттар тізбесін сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Бұл ретте, 1 (бір) жұмыс күні ішінде аумақтық Ұлттық қауіпсіздік органдарына және полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөлімшелеріне экстремизмге мен терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласының есепке алулары бойынша қаруға рұқсат алатын адамдарды тексеру үшін сұрау сауалар жіберіледі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және ішкі істер органдарының ақпараттық жүйелері бойынша соттылығының және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеру жүргізіледі.

Сонымен қатар қару мен оның патрондарын сақтау, сақтау және есепке алу шарттарының тәртібі бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі – № 602 Бұйрық) Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларда белгіленген талаптарының сәйкестігін мекенжайға дербес шыға отырып немесе қалалық және аудандық полиция органдарының бөлімшелеріне сұрау салу жіберу арқылы тексеруді жүзеге асырады, тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі – № 313 Бұйрық) Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа 20-қосымшадағы нысан бойынша объектіні тексеру туралы акт толтырылады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары және полиция органдарының бөлімшелері "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) 25-бабына сәйкес белгіленген мерзімде 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда лицензия беру келісілген болып есептеледі.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру бойынша дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу мынадай:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өзгерген;
2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиат заңды тұлға басқа заңды тұлға-лицензиатқа қосылу, қайта ұйымдастырылу, бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға-лицензиат атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген (егер мекенжайы лицензияда көрсетілген болса);

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияға немесе объектілерді көрсететін лицензияға қосымшаларға объектінің физикалық қозғалыссыз орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше атауларының өзгеруіне байланысты орын алса, егер жеке кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайы, лицензиат заңды тұлғаның орналасқан жері, "объектілерге берілетін рұқсаттар" класында берілген лицензия үшін объектінің орналасқан жері немесе объектілерді көрсететін лицензияға қосымшалар үшін өзгерістер болса, елді мекендер атау, көше аттары осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларының өзгеруіне байланысты болған жағдайларға қолданылмайды.

Лицензиаттар мен лицензиялардың қосымшаларында көрсетілген объектілердің мекенжайындағы мұндай өзгерістер мемлекеттік ақпараттық интеграция жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады.

10. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу мемлекеттік қызмет көрсету негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында 8) тармақшасында көрсетілген құжаттарды портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіне осы Қағидалардың 9-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған кезінде.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында 8) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толықтығын тексереді және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға бас тарту нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды. Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері қару мен оның патрондарын сақталу жағдайы тексеріледі, тексеріс нәтижелері бойынша № 313 Бұйрығымен белгіленген 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша объектіні тексеру туралы акт толтырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру бойынша дайындайды, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, рұқсат алу мүмкіндігін болдырмайтын жағдайлар туындаған жағдайда негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

11. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны заңды тұлға-лицензиатты бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған кезінде негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшасында көрсетілген құжаттарды портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіне жібереді.

Заңды тұлға-лицензиатты жекелену және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының № 5 Бұйрықтың талаптарына сәйкес келу немесе келмеуі, сондай-ақ үй-жайларды тексеру және № 602 Бұйрықтың талаптарына сәйкес келмеуі осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген тәртіпте белгіленген.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру бойынша дайындайды, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, рұқсат алу мүмкіндігін болдырмайтын жағдайлар туындаған жағдайда негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Заңды тұлға-лицензиатты бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

12. Егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз нысанда берілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының өтініш бойынша оларды электрондық форматқа аударады және лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның электрондық нысанын алады.

13. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру"

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия;

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия;

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жөндеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия;

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия;

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын коллекциялау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия;

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Барлық кіші түрлер үшін: "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Барлық кіші түрлер үшін: лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні; заңды тұлға-лицензиатты бөліп алу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні; лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Барлық кіші түрлер үшін: Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
		Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – азаматтық және қызметтік қару мен оның

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу не осы көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 554-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды, бірақ 4 (төрт) АЕК-тен аспайды. <p>Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін</p>
		<ol style="list-style-type: none"> 1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері

еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:

1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;

2) www.egov.kz порталында

1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны заңды тұлға-лицензиатты бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған кезінде алу үшін:

мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің 1-2-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде алу (қайта ресімдеу) үшін жеке және заңды тұлғаның өтінішін;

лицензияны және лицензияға қосымшаны алған немесе қайта ресімдеген жағдайда – ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттар туралы мәліметті;

мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің 3-қосымшаға (бұдан әрі – мәліметтер нысаны) сәйкес нысан бойынша азаматтық және қызметтік қару мен оның

патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген жағдайда – ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге себеп болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/е нысаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесін;

қаруды ұстаудың қауіпсіздік ережелерін білуін тексеру туралы анықтаманың электрондық көшірмесін жолдайды.

2) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін 1) тармақшысында көрсетілген құжаттармен бірге, мынадай құжаттар:

қару әзірлеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар, қарудың негізгі (базалық) модельдеріне және (немесе) патрондар типтеріне

конструкторлық құжаттамалар жиынтығының электрондық көшірмесі;

құрал-жабдыққа және аппаратураға меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

мәліметтер нысанында көрсетілген өндірістік-техникалық базасына құқық меншігін растайтын құжат немесе өндірістік-техникалық базаны жалға алу құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмелері;

объектіні және өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері;

әзірлеуге жоспарланған қару мен оның патрондарының тактикалық-техникалық сипаттамалары көрсетілген техникалық құжаттаманың электрондық көшірмесі;

қару мен оның патрондарының тәжірибеден өткен модельдерін қауіпсіз әзірлеу жөніндегі техникалық құжаттаманың, нұсқаулықтардың, ережелер мен нормативтік техникалық құжаттардың электрондық көшірмелері;

үшінші тұлғаларға келтірілетін зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру шартының электрондық көшірмесі ;

күзет қызметтерін көрсету шартының электрондық көшірмесі қоса беріледі.

3) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жасау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге, мынадай құжаттар:

қару мен оның патрондарын жасау мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық және ғылыми-техникалық құжаттар жиынтығының электрондық көшірмесі;

мәліметтер нысанында көрсетілген өндірістік-техникалық базаны жалға алу құқығын растайтын құжат немесе өндірістік-техникалық базаны жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;
объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмесі;
қару мен оның патрондарын жасауға ниет білдіру туралы хаттаманың немесе қаруды сатып алу және пайдалану құқығы бар субъектімен шарттың (келісімшарттың) электрондық көшірмесі;
жасауға жоспарланған қару мен оның патрондарының тактикалық-техникалық сипаттамалары көрсетілген техникалық құжаттаманың электрондық көшірмесі;
жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі техникалық және есепке алу құжаттамасының, нұсқаулықтардың, ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттардың, сондай-ақ материалдарды, жартылай дайындалған өнімдерді (дайындамаларды), жинақтаушы бөлшектерді, дайын және ақау бұйымдарды есепке алу, сақтау: бөлшектерді, құрастыру бірліктерін және дайын бұйымдарды жасау, тасымалдау және сақтау процесінде оларды есепке алу жөніндегі құжаттардың электрондық көшірмелері;
үшінші тұлғаларға келтірілетін зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру шартының электрондық көшірмесі ;
күзет қызметтерін көрсету шартының электрондық көшірмесі қоса беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

4) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жөндеу жөніндегі қызметтің кіші түрі

үшін 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге, мынадай құжаттар:

қаруды жөндеу жөніндегі арнайы білімінің болуын растайтын құжаттардың (диплом, сертификат, еңбек кітапшасынан үзінді) электрондық көшірмесі;

мәліметтер нысанында көрсетілген мамандандырылған шеберхананың меншік құқығын растайтын құжат немесе мамандандырылған шеберхананы жалға алу құқығын растайтын құжатының электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері;

қаруды жөндеуге арналған тиісті құрал-жабдық пен аппаратураның болуын көрсететін құжаттардың электрондық көшірмелері;

жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі техникалық және есепке алу құжаттамасының, нұсқаулықтардың, ережелер және нормативтік-техникалық құжаттардың электрондық көшірмелері;

күзет қызметтерін көрсету шартының электрондық көшірмелері қоса беріледі.

5) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сату жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге, мынадай құжаттар:

мәліметтер нысанында көрсетілген қару мен оның патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жайлардың меншік құқығын растайтын құжат немесе қару мен оның патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жайларды жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері;
күзет қызметтерін көрсету шартының электрондық көшірмесі қоса беріледі.

б) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын коллекцияға жинау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге, мынадай құжаттар:

мәліметтер нысанында көрсетілген коллекциялық қаруды сақтауға арналған үй-жайға меншік құқығын растайтын құжат немесе коллекциялық қаруды сақтауға арналған үй-жайды жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

күзет сигнализациясын орнату актісінің электрондық көшірмесі;
қаруды сақтаумен объектіні (үй-жайды) күзету шартының электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері қоса беріледі.

7) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын экспонаттау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге, мынадай құжаттар:

кілтпен жабылатын сөрелері, сейфтері немесе металл шкафтары бар, күзет сигнализациясымен жабдықталған жеке үй-жайлардың меншік құқығын растайтын құжат осы мәліметтер нысанында көрсетіледі немесе кілтпен жабылатын сөрелері, сейфтері немесе металл шкафтары бар, күзет сигнализациясымен жабдықталған жеке үй-жайларды жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері (заңды тұлғалар үшін);

күзет сигнализациясын орнату актісінің электрондық көшірмесі; қару сақталатын объектіні (үй-жайды) тәулік бойы күзету шартының электрондық көшірмесі қоса беріледі.

8) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің 1-2-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде алу (қайта ресімдеу) үшін жеке және заңды тұлғаның өтінішін;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны; ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылатын құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болып табылатын өзгерістер туралы ақпаратты құрайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттардың, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу немесе жасау немесе сату немесе коллекцияға жинау немесе экспонаттау, күзет қызметі, ақшалай қаражатты инкассациялау жөніндегі қызметті

жүзеге асыруға арналған лицензия туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, өндірістік-техникалық базаға, мамандандырылған шеберханаға, қару мен оның патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жайларға, коллекцияға жиналанатын қаруды сақтауға арналған үй-жайларға, күзет сигнализациясымен, кілтке жабылатын сөрелермен, сейфтермен немесе металл шкафтармен жабдықталған үй-жайларға меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, соттылығының, әкімшілік құқық бұзушылықтардың болмауы туралы мемлекеттік алымның төленгені, жоғары техникалық білімінің болуы туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет "шлюзі" арқылы алады.

- 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында осы санаттағы жеке және заңды тұлғалар үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салу;
- 3) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды енгізу;
- 4) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 5 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10352 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі – № 5 бұйрық) Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға

жинау, экспонаттау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестілігін растайтын құжаттар тізбесін сәйкес келмеуі;

5) егер бұрын лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлғалар-лицензиаттарды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандар қатарынан құрылған басқа заңды тұлғаға қайта ресімделсе;

6) сот орындаушысының ұсынымының негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы;

7) өндірістің қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз ете алмауы, қарудың есебі мен сақталуын не осы шарттарды қамтамасыз етпеуі;

8) көрсетілетін қызметті алушыда: тұрақты тұратын жерінің; қаруды сақтау үшін тиісті жағдайдың;

9) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;

10) қылмыс жасағаны үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;

11) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

12) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;

13) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші,

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық , Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;

14) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

16) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

17) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;

18) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

19) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің № 5 Бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

20) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;

21) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады;

22) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;

23) Қазақстан Республикасы " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;

24) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;

25) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

26) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;

27) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;

28) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға

10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777</p>
----	--	---

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
I-қосымша

Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға (қайта ресімдеуге) өтініші

- _____
(лицензиардың толық атауы)
- _____
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)
- _____
(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі(лерін) көрсету керек)
- _____
жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді сұраймын
Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы _____
- _____
(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

— көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі)

Электрондық пошта _____ Телефондары _____

— Факс _____

— Банк шоты _____

— (шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжай(лар)ы _____

— (пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

— көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осы арқылы:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

көрсетілетін қызметті алушы оны көрсетілетін қызметті берушінің қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің болуы/болмауы мәніне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы БП ҚСЖАЕКБ есептері бойынша тексеруіне қарсылық білдірмейтіні;

көрсетілетін қызметті алушыға сот қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға тыйым салмағаны;

барлық қоса беріліп отырған құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Жеке тұлғаның ЭЦҚ _____

Толтырған күні 20 _____ жылғы " ____ " _____

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
2-қосымша

Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға (қайта ресімдеуге) өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі(лерін) көрсету керек)
жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді сұраймын
Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)
Электрондық пошта _____

Телефондары _____ Факс _____

Банктік шоты _____

(шоттың нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары) _____

(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осы арқылы:

көрсетілген барлық деректер ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

көрсетілетін қызметті алушыға сот қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға тыйым салмағаны;

көрсетілетін қызметті алушы оны көрсетілетін қызметті берушінің қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің болуы/болмауы мәніне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы БП ҚСЖАЕКБ есептері бойынша тексеруіне қарсылық білдірмейтіні;

барлық қоса беріліп отырған құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Заңды тұлғаның басшысының ЭЦҚ _____

Толтырған күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымша

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау және экспонаттау жөніндегі қызмет лицензиясына мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

— (жеке және заңды тұлға)

2. жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

— 3. жеке тұлғаның және заңды тұлғаның атауы _____

— 4. Лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісінің нөмірі _____

— Тексеру аяқталған күн _____

— Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

— 5. Меншік құқығындағы объектінің (үй-жайдың) кадастрлық нөмірі _____

— Есептік құжаттама _____

—

6. Қаруды қабылдауды, тапсыруды есепке алу журналын бастаған күн _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

7. Қару мен оның патрондарының келіп түсуін және сатуды есепке алу журналын бастаған күн _____ (лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

8. Кәсіпорындарда, мекемелер мен оқу орындарында қару мен оның патрондарын (кірісті және шығысты, дайындамаларды, бөлшектерді, қосалқы бөлшектерді нөмірлеп

есепке алу, сандық есепке алу, сандық немесе өлшеп есепке алу) есепке алу журналын

бастаған күн _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

9. Қызмет түріне арналған лицензияның нөмірі, берілген күні, оны берген органның атауы _____

10. Соңғы пайдаланушының импорттық сертификатының нөмірі, берілген күні, сертификатты берген органның атауы _____

11. Өндірістік-техникалық базаны, мамандандырылған шеберхананың, қару мен оның

патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-

жайлардың, кілтпен жабылатын сөрелері, сейфтері немесе металл шкафтары бар, күзет

сигнализациясымен жабдықталған жеке үй-жайларды бар болуы мәліметтер

12. Жеке және заңды тұлғаның қызметкері туралы мәліметтер _____

Өтінім берген күн _____

әзірлеу, жасау, жөндеу, сату,
коллекцияға жинау,
экспонаттау жөніндегі қызметті
жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет Қағидаларына
2-қосымша

<p>[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы)] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері</p>		<p>[Орыс тілде қызмет берушінің атауы)] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері</p>
---	---	---

Дәлелді бас тарту хаты

Нөмірі:

[Нөмірі]





Берілген күні: [Берілген күні]

[Өтініш берушінің атауы]

[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беруге (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].

[Қол қоюшының лауазымы]

[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда))



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Азаматтық және қызметтік
қару мен оның патрондарын
әзірлеу, жасау, жөндеу, сату,
коллекцияға жинау,
экспонаттау жөніндегі қызметті
жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет Қағидаларына
3-қосымша

Лицензия

20 _____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____ № _____

— ("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

айналысуға

_____ берілді
(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы
,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған
жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің
бизнес-сәйкестендіру
нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке
сәйкестендіру нөмірі)
Ерекше шарттары

— ("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-
бабына
сәйкес)
Ескерту: _____

— (иеліктен шығарылатындығы, рұқсаттың класы)

Лицензиар _____

— (лицензиардың толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қолы _____ (қағаз тасығыштағы лицензиялар үшін)

Мөр орны (қағаз тасығыштағы лицензиялар үшін)

Алғашқы берілген күні: " " _____ ж.

Лицензияның қолданылу кезеңі: " " _____ ж.

Берілген орны _____

—
"Азаматтық және қызметтік
қару мен оның патрондарын
әзірлеу, жасау, жөндеу, сату,
коллекцияға жинау,
экспонаттау жөніндегі қызметті

Лицензияға қосымша

Лицензияның нөмірі _____

Лицензияның берілген күні 20__ жылғы _____

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі(лері) _____

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
сәйкес лицензияланатын қызметтің кіші түрінің атауы)

Лицензиат _____

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған
жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің
бизнес-сәйкестендіру

нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өндірістік база және/немесе объект _____

(орналасқан жері)

Лицензияның қолданылуының ерекше шарттары _____

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-
бабына

сәйкес)

Лицензиар _____

(лицензияға қосымшаны берген органның толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қолы _____ (қағаз жеткізгіштегі қосымшалар үшін)

Мөр орны (қағаз жеткізгіштегі қосымшалар үшін)

Қосымшаның нөмірі _____

Қолданылу мерзімі " ____ " _____ ж.

Қосымшаның берілген күні _____ 20 ____ ж.

Берілген орны _____

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын 10-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген және "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шеңберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттың жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіне мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес " Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) -тармақшыларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттар, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған қойманың, өндірістік-техникалық базаның, дайын пиротехникалық өнімді сатуға арналған үй-жайлардың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, соттылығының, мәлімделген қызметті жүзеге асырумен байланысты қарсы айғақтардың (психикалық ауру, алкогольизм немесе нашакорлық), әкімшілік құқық бұзушылықтардың болмауы туралы мәліметтерді, мемлекеттік баж төлегені туралы ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет "шлюзі" арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – бас тарту) нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды. Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8

қаңтардағы № 6 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10353 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі – № 6 Бұйрық) Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Бұл ретте, 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және ішкі істер органдарының ақпараттық жүйелері бойынша соттылығының және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеру жүргізіледі.

Сонымен қатар азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдармен сауда жасайтын үй-жайды, қойманы және құрылғыларды, оларды сақтау, сақтауын, пайдалануын және есебін жүргізу тәртібі бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 319 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11193 тіркелген) бекітілген (бұдан әрі – № 319 Бұйрық) Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидаларында белгіленген талаптарының сәйкестігін мекенжайға дербес шыға отырып немесе қалалық және аудандық полиция органдарының бөлімшелеріне сұрау салу жолдау арқылы тексеруді жүзеге асырады, тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 113694 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі – № 313 Бұйрық) Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа 20-қосымшадағы нысан бойынша объектіні тексеру туралы акт толтырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру бойынша дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу мынадай:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өзгерген;

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиат заңды тұлға басқа заңды тұлға-лицензиатқа қосылу, қайта ұйымдастырылу, бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға-лицензиат атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген (егер мекенжайы лицензияда көрсетілген болса);

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияға немесе объектілерді көрсететін лицензияға қосымшаларға объектінің физикалық қозғалыссыз орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше атауларының өзгеруіне байланысты орын алса, егер жеке кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайы, лицензиат заңды тұлғаның орналасқан жері, "объектілерге берілетін рұқсаттар" класында берілген лицензия үшін объектінің орналасқан жері немесе объектілерді көрсететін лицензияға қосымшалар үшін өзгерістер болса, елді мекендер атау, көше аттары осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларының өзгеруіне байланысты болған жағдайларға қолданылмайды.

Лицензиаттар мен лицензиялардың қосымшаларында көрсетілген объектілердің мекенжайындағы мұндай өзгерістер мемлекеттік ақпараттық интеграция жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады.

10. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында б) тармақшасында көрсетілген құжаттарды портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіне осы Қағидалардың 9-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған кезінде.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында б) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толықтығын тексереді және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға бас тарту нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды. Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті

берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде көрсетілетін қызметті берушінің азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сақтау және іске асыру жағдайы тексеріледі, тексеріс нәтижелері бойынша № 313 Бұйрығымен белгіленген 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша объектіні тексеру туралы акт толтырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру бойынша дайындайды, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, рұқсат алу мүмкіндігін болдырмайтын жағдайлар туындаған жағдайда негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

11. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны заңды тұлға-лицензиатты бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған кезінде негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшасында көрсетілген құжаттарды портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіне жібереді.

Заңды тұлға-лицензиатты жекелену және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының № 6 Бұйрықтың талаптарына сәйкес келу немесе келмеуі, сондай-ақ үй-жайларды тексеру және № 319 Бұйрықтың талаптарына сәйкес келмеуі осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген тәртіпте белгіленген.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру бойынша дайындайды, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, рұқсат алу мүмкіндігін болдырмайтын жағдайлар туындаған жағдайда негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Заңды тұлға-лицензиатты жекелену және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

12. Егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз нысанда берілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бойынша оларды электрондық форматқа аударады және лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның электрондық нысанын алады.

13. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына
I-қосымша

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия;

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия;

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия;

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Барлық кіші түрлер үшін: "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
		Барлық кіші түрлер үшін:

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні; заңды тұлға-лицензиатты бөліп алу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні; лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Барлық кіші түрлер үшін: Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу не осы не осы көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан	Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 554-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді:

	<p>Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;</p> <p>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды, бірақ 4 (төрт) АЕК-тен аспайды.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері</p>	<p>1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:</p> <p>1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz порталында</p>
		<p>1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны заңды тұлға-лицензиатты бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған кезінде алу үшін:</p> <p>мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар</p>

Тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде алу (қайта ресімдеу) үшін заңды тұлғаның өтінішін;

лицензияны және лицензияға қосымшаны алған немесе қайта ресімдеген жағдайда – ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттар туралы мәліметті;

мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшаға (бұдан әрі – мәліметтер нысаны) нысан бойынша азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген жағдайда – ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге себеп болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

2) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге, мынадай құжаттар:

дайын пиротехникалық өнімдерді сақтауға арналған қойманың меншік құқығын растайтын құжат осы мәліметтер нысанында көрсетіледі немесе дайын пиротехникалық өнімдерді сақтауға арналған қойманы жалға алу құқығын растайтын

құжаттардың электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісі осы мәліметтер нысанында көрсетіледі ;

пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығының электрондық көшірмесі мәліметтер нысанында көрсетіледі;

техникалық құжаттамалар, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін аккредиттелген лабораториялық базасының аттестатының электрондық көшірмесі;

3) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды жасау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін заңды тұлғаларға 1)- тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге, мынадай құжаттар:

пиротехникалық заттар мен бұйымдарды жасау, сақтау, өткізу, пайдалану және кәдеге жарату мәселелері бойынша нормативтік-техникалық және ғылыми-техникалық құжаттар жиынтығының электрондық көшірмесі;

құрал-жабдық пен аппаратураның меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

өндірістік-техникалық базаның меншік құқығын растайтын құжат мәліметтер нысанында көрсетіледі немесе өндірістік-техникалық базаны жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері мәліметтер нысанында көрсетіледі ;

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі техникалық және есепке алу құжаттамасының, нұсқаулықтардың, ережелер және нормативтік-техникалық құжаттар мәліметтер нысанында көрсетіледі

4) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдалану жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін заңды тұлғалар 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге, мынадай құжаттар:

дайын пиротехникалық өнімдерді сақтауға арналған қойманың меншік құқығын растайтын құжат мәліметтер нысанында көрсетіледі немесе дайын пиротехникалық өнімдерді сақтауға арналған қойманы жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі; объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісі мәліметтер нысанында көрсетіледі

; пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған автокөліктің меншігінде немесе жалға алынғанын көрсететін құжаттар мәліметтер нысанында көрсетіледі

; азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдалануға мүмкіндік беретін техникалық мақсаттағы арнайы құрал-жабдықтың болуын көрсететін, оның техникалық сипаттамаларын және пайдалану қауіпсіздігін айқындайтын құжаттар мәліметтер нысанында көрсетіледі.

5) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сату жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін заңды тұлғалар 1)

тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге, мынадай құжаттар:

дайын пиротехникалық өнімдерді сатуға арналған үйжайдың меншік құқығын растайтын құжат мәліметтер нысанында көрсетіледі немесе дайын пиротехникалық өнімдерді сатуға арналған үй-жайды жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

дайын пиротехникалық өнімдерді сақтауға арналған қойманың меншік құқығын растайтын құжат мәліметтер нысанында көрсетіледі немесе дайын пиротехникалық өнімдерді сақтауға арналған қойманы жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісі мәліметтер нысанында көрсетіледі ;

пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған автокөліктің меншік құқығын көрсететін құжаттар мәліметтер нысанында көрсетіледі немесе пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған автокөлікті жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі.

б) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде алу (қайта ресімдеу) үшін заңды тұлғаның өтінішін;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін

растайтын құжаттың туралы мәліметтер;
мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны;
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты құрайтын құжаттардың электрондық көшірмелері мемлекеттік ақпараттық жүйелерде орналасқан құжаттарды, ақпараттарды қоспағанда.
Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттар, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған қойманың, өндірістік-техникалық базаның, дайын пиротехникалық өнімді сатуға арналған үй-жайлардың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, соттылығының, мәлімделген қызметті жүзеге асырумен байланысты қарсы айғақтардың (психикалық ауру, алкоголизм немесе нашақорлық), әкімшілік құқық бұзушылықтардың болмауы туралы мәліметтерді, мемлекеттік баж төлегені туралы ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет " шлюзі" арқылы алады.

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында осы санаттағы жеке және заңды тұлғалар үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;
- 3) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі ;
- 4) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10353 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі – № 6 Бұйрық) Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;
- 5) көрсетілетін қызметті алушыға жекелеген қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын соттың заңды күшіне енген үкімі;
- 6) егер бұрын лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлға-лицензаттарды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандар қатарынан құрылған басқа заңды тұлғаға қайта ресімделген болса;
- 7) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің деректер мен мәліметтердің № 6 Б ұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 8) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне

		<p>тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;</p> <p>9) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады</p> <p>10) Қазақстан Республикасы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда.</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777</p>
		<p>"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымша</p>

Заңды тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға (қайта ресімдеуге) өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түр(лер)ін көрсету керек)
жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға
қосымшаны беруді (қайта ресімдеуді) сұраймын _____

Заңды тұлғаның мекенжайы _____
(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық пошта _____ Телефондары _____

Факс _____ Банктік шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжай(лар)ы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді

мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осы арқылы:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту
мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе)
кіші түрімен айналысуға со тыйым салмағаны;

қоса беріліп отырған барлық құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және жарамды
болып табылатыны расталады.

Заңды тұлға басшысының ЭЦҚ _____

Толтырылған күні: 20__ жылғы " " _____

"Азаматтық пиротехникалық
заттар мен олар қолданылып
жасалған бұйымдарды әзірлеу,
жасау, сату, пайдалану
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін көрсетуге
қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
2-қосымша

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметтің лицензиясына мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(заңды тұлға)

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

3. Заңды тұлғаның атауы _____

4. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісінің нөмірі _____

Тексеру аяқталған күн _____

Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

5. Объектінің (үй-жайдың) кадастрлық нөмірі _____

6. Лицензиялық алымды төлеу сомасы _____

Төлеген күні _____

— Төлем банкі (банктің филиалы) _____

Есепке алу журналы (кіріс, шығыс) _____

— 7. Журналды бастаған күн _____

— (лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

8. Қызмет түріне арналған лицензияның нөмірі, берілген күні, оны берген органның атауы _____

9. Объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісі _____

— 10. Пиротехникалық заттар мен бұйымдарды әзірлеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығы _____

— 11. Жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар, ережелер және нормативтік-техникалық құжаттар _____

— 12. Пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған автокөліктің болуын немесе жалға алынғанын көрсететін құжаттар _____


— 13. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдалануға мүмкіндік беретін техникалық мақсаттағы арнайы құрал-жабдықтың

болуын көрсететін, оның техникалық сипаттамаларын және пайдалану қауіпсіздігін айқындайтын құжаттар _____

Заңды тұлғаның қызметкері туралы мәліметтер _____

Өтінім берген күн _____

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына 2-қосымша

<p>[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері</p>		<p>[Орыс тілде қызмет берушінің атауы] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері</p>
--	---	--

Дәлелді бас тарту хаты

Нөмірі:

[Нөмірі]





[Өтініш берушінің атауы]

Берілген күні: [Берілген күні]

[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].

[Қол қоюшының лауазымы]

[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда)]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру"

Лицензия

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____

— ("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

_____ айналысуға

_____ берілді

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Ерекше шарттары

— ("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)

Ескерту: _____

— (иеліктен шығарылатындығы, рұқсаттың класы)

Лицензиар _____

— (лицензиардың толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қолы _____ (қағаз тасығыштағы лицензиялар үшін)

Мөр орны (қағаз тасығыштағы лицензиялар үшін)

Алғашқы берілген күні: " " _____ ж.

Лицензияның қолданылу кезеңі: " " _____ ж.

Берілген орны _____

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу,

Лицензияға қосымша

Лицензияның нөмірі _____

Лицензияның берілген күні 20__ жылғы _____

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі(лері) _____

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
сәйкес лицензияланатын қызметтің кіші түрінің атауы)

Лицензиат _____

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған
жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің
бизнес-сәйкестендіру

нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өндірістік база және/немесе объект _____

(орналасқан жері)

Лицензияның қолданылуының ерекше шарттары _____

(“Рұқсаттар және хабарламалар туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 36-
бабына
сәйкес)

Лицензиар _____

(лицензияға қосымшаны берген органның толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қолы _____ (қағаз жеткізгіштегі қосымшалар үшін)

Мөр орны (қағаз жеткізгіштегі қосымшалар үшін)

Қосымшаның нөмірі _____

Қолданылу мерзімі " ____ " _____ ж.

Қосымшаның берілген күні _____ 20 ____ ж.

Берілген орны _____

"Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіне мемлекеттік қызметін

көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі, жеке басын анықтау, тұрғылықты жері, соттылығы, әкімшілік құқық бұзушылығы болмауы туралы құжаттардың мәліметтерін қызметті көрсетуші тиісті электрондық үкімет мемлекеттік ақпараттық жүйелерінің "шлюзі" арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды. Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 365 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 11219 тіркелген) (бұдан әрі - № 365 Бұйрық) атыс тирлерін (атыс орыны) мен стендтерін ашу және жұмыс істеу қағидаларына сәйкестігіне тексеруді жүзеге асырады.

Бұл ретте, 1 (бір) жұмыс күні ішінде аумақтық Ұлттық қауіпсіздік органдарына және полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөлімшелеріне экстремизмге мен терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласының есепке алулары бойынша қаруға рұқсат алатын адамдарды тексеру үшін сұрау сауалар жіберіледі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика

және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және ішкі істер органдарының ақпараттық жүйелері бойынша соттылығының және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеру жүргізіледі.

Занды тұлғаларды тексеруді көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өздігінен қалалық және аудандық полиция органдарына атыс тиріне (атыс орнына) тексеру жүргізу үшін № 365 бұйрықпен айқындалған талаптарға сәйкестігін тексеру үшін бару арқылы жүзеге асырады, тексеру нәтижелері бойынша объектілерді тексеру туралы актісі Қазақстан Республикасы министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 13694 тіркелген) Азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау саласындағы ішкі істер органдарының бөліністерінің қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулыққа 20 қосымшаға сәйкес толтырылады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары және полиция органдары белгіленген 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда "Рұқсаттар және мәліметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына 25-бабына сәйкес рұқсат беру келісілді деп есептеледі.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік реестрінде № 16733 тіркелген) 12 қосымшасына сәйкес нысан бойынша атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға рұқсат дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық

жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Атыс тирлері (атыс орындары)
мен стендтерін ашуға және
олардың жұмыс істеуіне рұқсат
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет Қағидаларына
1-қосымша

"Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне рұқсат осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет жағдайлар мен негіздемелер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға ақысыз негізде көрсетіледі
		1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүтінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері

2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:

- 1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- 2) www.egov.kz порталында

Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне рұқсат алу үшін: мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша электрондық түрде заңды тұлғаның өтініші; ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың мәліметтері; мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне рұқсат алуға мәліметтер нысаны; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/е нысаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

қорытындының электрондық көшірмесін;
 атыс бойынша инструкторы арнайы дайындықтан өткенін дәлелдейтін қаруды ұстаудың қауіпсіздік ережелерін білуін тексеру туралы анықтаманың электрондық көшірмесін;
 ашық атыс тирлері (атыс орындары) үшін аумақтар;
 мамандандырылған ғимараттардың орналасқан жерін (атыс тирлері (атыс орыны) және стендтер);
 үй-жайлардың орналасу;
 сызбаларын қосатын меншік нысанын көрсете отырып, материалдық-техникалық базасы жоспарының электрондық көшірмесі;
 атыс спорт түрлері бойынша (оқ, стендтік, практикалық) жарыс немесе жаттығу сабақтар өткізу үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 121 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 10095 тіркелген) бұйрығымен бекітілген спорттық федерацияларының аккредитацияланған Қағидаларына сәйкес аккредитацияланған атыс спорт түрлері бойынша Республикалық федерациясы қорытындысының көшірмесі.
 Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (кайта тіркеу) туралы куәлігі, жеке басын анықтау, тұрғылықты жері, соттылығы, әкімшілік құқық бұзушылығы болмауы туралы құжаттардың мәліметтерін қызметті көрсетуші тиісті электрондық үкімет мемлекеттік ақпараттық жүйелерінің "шлюзі" арқылы алады.

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (

мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушыда: тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;

қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;

3) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;

4) жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;

5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық

, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;

8) азаматтық және қызметтік қарудың иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жолдау туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

қаруды қауіпсіз қолдану бойынша білімін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

10) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

11) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;

12) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

13) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 365 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 13694 тіркелген) (бұдан әрі - № 365 Бұйрық) атыс тирлерін (атыс орыны) мен стендтерін ашу және жұмыс істеу қағидаларына сәйкестігіне белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

14) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды

күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады;

16) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;

17) Қазақстан Республикасы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;

18) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;

19) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

20) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;

21) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;

22) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету

10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777
----	--	--

"Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
1-қосымша

Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға рұқсат алуға өтініш

_____ (ішкі істер органының толық атауы)

Кімнен _____

_____ (заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестіндіру нөмірі)

_____ (атыс тирлері (атыс орындары) немесе стендтерді көрсету)

ашуға және оның жұмыс істеуіне рұқсат беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облыс, қала, аудан,

_____ елді мекен, көшенің атауы, үйдің /ғимараттың (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондар _____

Факс _____

Банктік есепшоты _____

_____ (есеп шоттың нөмірі, банктің атауы және орналасқан орны)

Қызметті жүзеге асыратын мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облыс, қала, аудан,

_____ елді мекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жай) нөмірі)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен:

көрсетілген деректердің бәрі ресми байланыстар болып табылатыны және оларға атыс тирлерін (атыс орындарын) немесе стендтерді ашу және олардың жұмыс істеу

құқығына рұқсат беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

көрсетілетін қызметті алушыға өтініш берілген қызмет түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;

қоса берілген құжаттардың бәрі шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Заң тұлғаның басшысы ЭЦК _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "____" _____

"Атыс тирлері (атыс орындары)
мен стендтерін ашуға және
олардың жұмыс істеуіне рұқсат
беру" мемлекеттік қызметін
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
2-қосымша

Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға рұқсатқа мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

—
(заңды тұлға)

2. Бизнес-сәйкестіндіру нөмірі _____

—
3. Заң тұлғаның атауы _____

—
4. Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерінің жұмыс істеуіне жауапты және қаруға

рұқсаты бар адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру

нөмірі _____

—

—
5. Сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі, қол қойған күні

—
6. Техникалық нығайтылуын, күзет және өрт сигнализациясының бар-жоғын, өткізу режимін, қару мен оның патрондарын сақтау жағдайларын сипаттау;

—

Заң тұлға жұмысшылардың мәліметтері _____

Өтініш берген күн _____

Атыс тирлері (атыс орындары)
мен стендтерін ашуға және
олардың жұмыс істеуіне рұқсат
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет Қағидаларына
2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы]] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері		[Орыс тілде қызмет берушінің атауы]] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері
Дәлелді бас тарту хаты		
Нөмірі: [Нөмірі] Берілген күні: [Берілген күні]	[Өтініш берушінің атауы]	
[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беруге (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].		
[Қол қоюшының лауазымы]	[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда))]	
 <p>Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.</p>		

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
4-қосымша

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорығындылар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзитке қорытындылар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзитке қорытындылар беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шенберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жеке

тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзитке қорытындылар беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлінісінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері)) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды қалыптастырады (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын және (немесе) мәліметтерді ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде олардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының саласында Қазақстан Республикасы Заңдарымен халықаралық заңдылықты актілердің талаптарына, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңының "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыны экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептері бойынша тексеру үшін ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдарына және экстремизмге, терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністерге сұрау салу жібереді.

Ұлттық қауіпсіздік аумақтық органдары мен полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністері белгіленген мерзімдерде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабына сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда қорытынды беру келісілген болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы, сондай-ақ ішкі істер органдарының ведомстволық есептері бойынша алады.

Аң аулауға келісімшарт немесе спорттық іс-шараларға, көрмелерге қатысу үшін шақыру бар болған кезде Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдік адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен келетін шетелдік адамдарды тексеру талап етілмейді.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және 2018 жылғы 19 ақпандағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығына (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелді) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру бойынша қорытынды дайындайды (бұдан әрі - қорытынды).

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

Азаматтық немесе қызметтік қаруды уақытша әкелуге (уақытша әкетуге) қорытынды (рұқсат беру құжаты) қайта әкелуге (әкелуге) қорытынды болып табылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nitech.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, қадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе қорытынды бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына
1-қосымша

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге

және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар, не болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері	1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. 2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының

еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:

- 1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- 2) www.egov.kz порталында

1) жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар алу үшін: жеке тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық түрдегі өтініші;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімімен 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 бекітілген үшінші мемлекеттермен сауда жасауда Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы шеңберіндегі Кедендік одаққа мүше – мемлекеттердің әкелу немесе әкетуге тыйым салынатын және шектеу қойылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелу, әкету және транзиттеуге қорытындының бірыңғай нысанын толтыру бойынша әдістемелік нұсқамаларға сәйкес ресімделген қорытынды жобасының электрондық көшірмесі;

техникалық реттеу саласында сәйкестікті растау жөніндегі аккредителген орган берген сәйкестік сертификатының немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына

әкелгеннен кейін оны сертификаттауды жүргізуге арналған шарттың электрондық көшірмесі (сәйкестікті растау, медициналық-биологиялық зерттеулер, жөндеу, ауыстыру, қайтару, транзит мақсатында сынақтар жүргізу кезінде, сондай-ақ аңшылыққа, көрмелерге және спорттық іс-шараларға қатысу үшін уақытша әкелу (әкету) кезінде ұсынылмайды);

2) қарудың сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, жеке пайдалану үшін сатып алу, жөндеу, ауыстыру, қайтару мақсатында жеке тұлғаларға қаруды әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде 1) - тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қосылып беріледі:

газды қарудың және электр қаруының, сондай-ақ жаракат салатын патрондардың зақымдаушы факторларының адам ағзасына тигізетін шекті әсері туралы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытындының не қаруды әкелгеннен кейін адам ағзасына тигізетін шекті әсер нормаларына сәйкестігіне

медициналық-биологиялық сынақтар өткізілгені туралы кепілхат (жеке пайдалану үшін сатып алған кезде) электрондық көшірмесі;

қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуретінің (жеке пайдалану үшін сатып алған кезде) электрондық көшірмесі;

қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін (тек жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін) әкелінгенін растайтын құжаттың (шарт, хат) электрондық көшірмесі (жеке пайдалану үшін сатып алған кезде);

3) жеке тұлғаларға қаруды жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде электрондық көшірмесі 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қосылып беріледі:

қаруды әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатының электрондық көшірмесі;

қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін әкетілетінін растайтын құжаттың (шарт, хат) электрондық көшірмесі;

4) шетелдіктерге (спортшыларға) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қосылып беріледі:

халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру электрондық көшірмесі;

қару мен оның патрондарының нақты түрінің спортшыға бекітілгені туралы ақпарат (тізім) электрондық көшірмесі;

әкелінетін қаруды сақтау үшін жағдайлардың барын растайтын құжаттама (үй-жайды жалға алу шарты, қаруды сақтауға рұқсат) болуы.а қажет электрондық көшірмесі;

5) жеке тұлғаларға (спортшыларға) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкетуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қосылып беріледі:

халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру электрондық көшірмесі;

қаруды әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатының электрондық көшірмесі;

спорт ұйымы басшысының қарудың нақты түрін спортшыға бекіту туралы бұйрығының электрондық көшірмесі;

спорт ұйымы басшысының спортшыны (ларды) іссапарға жіберу туралы тиісті бұйрығының электрондық көшірмесі;

б) шетелдіктерге аңшылыққа қатысу үшін аңшылық атыс қаруының бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес), олардың патрондары мен аңшылық пышақтарды уақытша әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қосылып беріледі:

аңшылық шаруашылығы ұйымының шетелдік аңшымен аң аулауға жасасқан шартының электрондық көшірмесі;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы облыстық атқарушы органның шешімінің электрондық көшірмесі;

шетелдік аңшының жеке басын куәландыратын құжаттың (паспорттың) электрондық көшірмесі;

орман және аңшылық шаруашылығының уәкілетті органының облыстық аумақтық органмен шетелдіктердің аңшылыққа қатысуы туралы келісу туралы өтініштің электрондық көшірмесі.

әкелінетін қару мен оның патрондарын аңшылық шаруашылығы ұйымында (оларда ішкі істер органдары берген қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсаты бар қару-жарақ бөлмесі болған жағдайда), қаруды орталықтандырылған сақтау пункттерінде немесе ішкі істер органдарында сақтауға арналған шарттың электрондық көшірмесі;

7) жеке тұлғаларға аңшылық атыс қаруының бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес),

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

олардың патрондары мен аңшылық пышақтарды аңшылыққа қатысу үшін уақытша әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қосылып беріледі: аң аулау жүзеге асырылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген аң аулауға қатысуын растайтын (қызметтер көрсету туралы шарт немесе шақыру) құжатының электрондық көшірмесі;

қаруды әкелу көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатының электрондық көшірмесі.

Жеке тұлға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге аң аулауға қатысу үшін шыққан кезде аңшылық қару мен оның патрондарын уақытша әкетуге (әкелуге) қорытынды ресімделмейді.

Бұл ретте, жеке тұлға (аңшы) қаруды әкеткенге дейін кемінде 10 (он) күн бұрын қару тіркелген аумақтық ішкі істер органына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген аң аулауға қатысуын растайтын құжатты (қызметтер көрсету туралы шарт немесе шақыру) ұсынады.

Жеке тұлға аңшылыққа қатысу кезінде пайдалану үшін әкеткен азаматтық қару көрсетілген азаматтық қару тіркелген мүше мемлекетке әкелуге арналған рұқсат құжаттың жарамдық мерзімі аяқталғанға дейін әкелінуі тиіс;

8) басқа мемлекетке тұрақты тұруға кететін жеке тұлғаларға азаматтық қаруды, оның патрондарын әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қоса беріледі:

қаруды әкету жүзеге асырылатын мемлекеттің заңнамасында

көзделген тұрақты тұруға кететінін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;
қаруды әкету болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаттың электрондық көшірмесі;

9) Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін жеке тұлғаларға қару мен оның патрондарын әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қоса беріледі:
қаруды пайдалану және (немесе) сатып алу заңдылық растайтын рұқсат құжаттың электрондық көшірмесі;
қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуретінің электрондық көшірмесі;

10) Қазақстан Республикасының азаматы марапаттық қаруды әкелуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қоса беріледі:
үшінші мемлекеттер басшыларының және үшінші мемлекеттердің үкімет басшыларының марапаттық құжаттарының электрондық көшірмесі;

11) шетелдіктерге марапаттық қаруды әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қоса беріледі:
әкетілетін қарумен марапаттау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;

12) жеке тұлғаларға азаматтық қарудың бірлі-жарым даналары (екі бірліктен артық емес) мен оның патрондарын Қазақстан

Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қоса беріледі:

қару мен оның патрондарын әкелетін елдің және әкететін елдің уәкілетті органдары берген, қару мен оның патрондарын сатып алу құқығын растайтын, өтініш берушінің мөрімен және қолымен куәландырылған рұқсат құжаттарының электрондық көшірмелері.

Егер әкелу және әкету елдерінің заңнамасында қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат құжаттарын беру көзделмеген жағдайларда, қару мен оның патрондарын сатып алудың заңдылығын көрсететін құжаттың көшірмесі ұсынылады.

Ұсынылған құжат көшірмелерінде қарудың түрі, моделі, калибрі, сериясы мен нөмірі көрсетіледі;

"транзит" кеден режимін белгілеу туралы кеден органының белгісі бар кеден декларациясы данасының электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін жеке тұлғаның (өтініш берушінің) жеке басын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

әкетілетін елдің уәкілетті органы берген қару мен оның патрондарын әкетуге рұқсаттың бар болуы туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

әкелінетін елдің уәкілетті органы берген қару мен оның патрондарын әкелуге рұқсаттың бар болуы туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасы "Сақтандыру қызметі туралы" заңнамасына (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының сақтандыру қызмет мәселесі бойынша) сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру

шартының немесе сақтандыру полисінің электрондық көшірмесі. Жеке тұлғаның (өтініш берушінің) жеке басын растайтын құжатты және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын немесе сақтандыру полисін қоспағанда, шет тілдерде жасалған құжаттар нотариат куәландырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне аудармасымен бірге ұсынылады;

13) үшінші тұлғалар азаматтық қарудың бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен аспайтын) және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындыны ресімдеген кезде 1) тармақшада көрсетілген құжаттармен бірге мынадай құжаттар қоса беріледі: "транзит" кеден режимін белгілеу туралы кеден органының белгісі бар кеден декларациясы данасының электрондық көшірмесі;

қарудың түрі, типі, моделі, калибрі және нөмірі көрсетілген тасымалданатын қаруды нөмірлік есепке алу тізімінің, сондай-ақ кеден органы куәландырған патрондар типі, калибрі, дайындау партиясы және саны көрсетілген мәліметтердің электрондық көшірмесі;

өнімді әкетуге арналған рұқсаттың болуы туралы экспорттаушы елдің уәкілетті органы берген құжаттың электрондық көшірмесі;

өнім транзитіне байланысты өтініш беруші мемлекетінің заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасы заңнамасының сақтандыру қызмет мәселесі бойынша сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының немесе сақтандыру полисінің электрондық көшірмесі;

өтініш берушінің транзитпен тасымалданатын өнімнің физикалық қорғалуын жүзеге асыруды қамтамасыз етуін растайтын құжаттың және қорғауды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғаның күзет қызметін жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

егер оған қатысы жоқ себептер бойынша жүк қабылдаушыға жүкті беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, жүк жөнелтушінің жүкті қайта қабылдауға келісімін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын немесе сақтандыру полисін қоспағанда, шет тілдерде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін).

Осы 13) тармақшасында көрсетілген құжаттар консулдық заңдастыру туралы талаптарды сақтай отырып немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес апостиль қойылып ұсынылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы, сондай-ақ ішкі істер органдарының ведомстволық есептері бойынша алады.

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін

қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушыда: тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;

қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;

3) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;

4) қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы;

5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында

көзделген қылмыстық теріс қылық , Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;

8) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулыны алған

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

10) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

11) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;

12) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

13) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 бұйрығымен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі);

14) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс

жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады;

17) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;

18) Қазақстан Республикасы " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;

19) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;

20) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

21) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;

22) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;

23) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны

		үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777</p>

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
1-қосымша

Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірыңғай даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытынды алуға өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

(жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке-сәйкестендіру нөмірі)

Азаматтық қаруды, оның (құрама) бөлшектері мен патрондарын әкелуге (әкетуге) рұқсат беруіңізді сұраймын

(қарудың түрі, типі, моделі, нөмірі мен саны көрсетіледі, керегінің астын сызу)

Мекенжайы _____

(облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимараттың нөмірі)

Әкелінетін (әкетілетін) мемлекет _____

Әкелу (әкету) жүзеге асырылатын кеден бекеті _____

Қару "___" _____ және "___" _____ аралығында әкелінеді (әкетіледі)

(қаруды уақытша әкелген (әкеткен) кезде толтырылады)

Телефоны _____

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша ке келген ақпаратты жіберуге болатыны расталады.

Жеке тұлғаның ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "___" _____

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
2-қосымша

Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірыңғай даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзиттеуге қорытындыға мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(жеке тұлға)

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

3. Кіші түріне лицензия берген органның атауы, берілген күні, нөмірі қызмет (бар болған жағдайда) _____

4. Объектінің кадастрлық нөмірі (меншік немесе қару сақтау үй-жайын жалға алу құқығында) _____


5. Әкелінетін (әкетілетін) қарудың түрі, үлгісі, моделі, жүйесі, калибрі, нөмірі туралы мәліметтер _____

6. Қару моделінің (патрондардың типі) және пайдаланылатын патрондардың атауы және белгіленуі туралы ақпарат, Негізгі техникалық көрсеткіштер, қаруды әзірлеуші елдің және фирманың атауы (Егер қару кадастрды енгізбеген жағдайда) _____

7. Жауапты адамды тағайындау, қаруды бекіту, спортшыны іссапарға жіберу туралы бұйрықтың нөмірі, қол қойылған күні _____
Өтінім берілген күн _____

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына
2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері		[Орыс тілде қызмет берушінің атауы] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері
Дәлелді бас тарту хаты		
Нөмірі: [Нөмірі] Берілген күні: [Берілген күні]	[Өтініш берушінің атауы]	
[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірыңғай даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзиттеуге қорытынды беруге (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].		



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
5-қосымша

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзитке қорытындылар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар 5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзитке қорытындылар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзитке қорытындылар беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің

желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шеңберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзитке қорытындылар беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлінісінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды қалыптастырады (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті

алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын және (немесе) мәліметтерді ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде олардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының саласында Қазақстан Республикасы Заңдарымен халықаралық заңдылықты актілердің талаптарына, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңының "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыны экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептері бойынша тексеру үшін ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдарына және экстремизмге, терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністерге сұрау салу жібереді (азаматтық және қызмет қаруды сату жүзеге асыру заңды тұлғаларды қоспағанда).

Ұлттық қауіпсіздік аумақтық органдары мен полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністері белгіленген мерзімдерде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабына сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда қорытынды беру келісілген болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензия туралы, азаматтық және қызметтік қаруды және оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы мәліметтерді, мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Спорттық іс-шараларға, көрмелерге қатысу үшін шақыру болған кезде Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік заңды тұлғаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен келетін шетелдік тұлғаларды тексеру талап етілмейді.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және 2018 жылғы 19 ақпандағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрінің № 133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығына (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелді) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзитке қорытындылар беру бойынша қорытынды дайындайды (бұдан әрі – қорытынды).

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

Азаматтық немесе қызметтік қаруды уақытша әкелуге (уақытша әкетуге) қорытынды (рұқсат беру құжаты) қайта әкетуге (әкелуге) қорытынды болып табылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nitec.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, кадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе қорытынды бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзитке қорытындылар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына 1-қосымша

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзитке қорытындылар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды не болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
		Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қорытынды бергені үшін мемлекеттік бажды төлеген күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 2 АЕК құрайды құрайды.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін</p>
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері	<p>1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:</p> <p>1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz. Порталында</p>
		1) заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан

Республикасы арқылы
транзиттеуге қорытынды алу үшін
:

заңды тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда рұқсат құжатын берген үшін – мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттар туралы;

2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 Еуразиялық экономикалық одақтың Алқасының шешімімен бекітілген үшінші мемлекеттермен сауда жасауда Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы шеңберіндегі Кедендік одаққа мүше – мемлекеттердің әкелу немесе әкетуге тыйым салынатын және шектеу қойылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелу, әкету және транзиттеуге қорытындының бірыңғай нысанын толтыру бойынша әдістемелік нұсқамаларға сәйкес ресімделген қорытынды жобасының электрондық көшірмесі;

техникалық реттеу саласында сәйкестікті растау жөніндегі аккредителген орган берген сәйкестік сертификатының немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін оны сертификаттауды жүргізуге арналған шарттың электрондық көшірмесі (сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер, жөндеу, ауыстыру, қайтару, транзиттеу мақсатында сынақтар жүргізу кезінде, сондай-ақ аңшылыққа, көрмелерге және спорттық іс-шараларға қатысу үшін уақытша әкелу (әкету) кезінде ұсынылмайды);

2) заңды тұлғаларға қаруды әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде оны іске асыру үшін 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мынадай құжаттар ұсынылады:

тауарды импорттаушының азаматтық және қызметтік қарудың, оның негізгі (құрамдас) бөлшектері "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1) және 2) тармақшаларын қоспағанда, көрсетілген пайдаланушыларға сатылатыны туралы кепілхаттың электрондық көшірмесі;

қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшелігі қоса берілген қару мен патрондарын жеткізу шарты (келісімшарты) электрондық көшірмесі;

қару мен патрондарын атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпараттың, оның түрлі-түсті фотосуретінің электрондық көшірмесі;

газды қарудың және электр қаруының, сондай-ақ жаракат салатын патрондардың зақымдаушы факторларының адам ағзасына тигізетін шекті әсері туралы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытындының не қаруды әкелгеннен кейін адам ағзасына тигізетін шекті әсер нормаларына сәйкестігіне

медициналық-биологиялық сынақтар өткізілгені туралы кепілхат болуына қажет электрондық көшірмесі;

3) заңды тұлғаларға қаруды сату үшін әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге:

қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшелігі қоса берілген қару мен

патрондарын жеткізу шарты (келісімшарты) электрондық көшірмесі;

қару мен патрондарын атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуретінің электрондық көшірмесі;

оны әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қару мен патрондарын әкелуге рұқсат құжатының электрондық көшірмесі;

шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органының осы қару мен патрондарын тек бейбіт мақсатта пайдаланылатыны және Еуразиялық экономикалық қоғамдастық мүше мемлекеттерді қоспағанда, басқа елдерге экспортталмайтыны туралы жазбаша кепілдік міндеттемесі болуына қажет электрондық көшірмесі;

4) қару саудасына лицензиясы бар заңды тұлғаларға қарудың сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, жөндеу, ауыстыру, қайтару мақсатында сынақтарды жүргізу үшін әкелуге (әкетуге), сондай-ақ көрмелерге қатысу үшін уақытша әкелуге (әкетуге) қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қосылып беріледі: қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшелігі қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарты) электрондық көшірмесі;

қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуретінің электрондық көшірмесі;

оны әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

құжаты болуына қажет электрондық көшірмесі;

5) шетелдік заң тұлғаларға (спорт ұйымдарына) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкелуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қосылып беріледі:

халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру электрондық көшірмесі;

қару мен оның патрондарының нақты түрінің спортшыға бекітілгені туралы ақпарат (тізім) электрондық көшірмесі;

әкелінетін қаруды сақтау үшін жағдайлардың барын растайтын құжаттама (үй-жайды жалға алу шарты, қаруды сақтауға рұқсат) болуына қажет электрондық көшірмесі;

б) заң тұлғаларға (спорт ұйымдарына) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкетуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қосылып беріледі:

халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру электрондық көшірмесі;

қаруды әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатының электрондық көшірмесі;

спорт ұйымы басшысының қарудың нақты түрін спортшыға бекіту туралы бұйрығының электрондық көшірмесі;

спорт ұйымы басшысының спортшыны (ларды) іссапарға жіберу туралы тиісті бұйрығының электрондық көшірмесі;

7) шетелдіктерге аңшылыққа қатысу үшін атыс аңшылық қаруының, оның патрондарының және аңшылық пышақтарының

бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес) уақытша әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде аңшылық шаруашылығы ұйымдары (жеке кәсіпкер, заң тұлғалар) жүзеге асырады, олар 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қосылып беріледі:

аңшылық шаруашылығы ұйымының шетелдік аңшымен аң аулауға жасасқан шартының электрондық көшірмесі;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы облыстық атқарушы органның шешімінің электрондық көшірмесі;

шетелдік аңшының жеке басын куәландыратын құжаттың (паспорттың) электрондық көшірмесі;

орман және аңшылық шаруашылығының уәкілетті органының облыстық аумақтық органмен шетелдіктердің аңшылыққа қатысуы туралы келісу туралы өтініштің электрондық көшірмесі.

әкелінетін қару мен оның патрондарын аңшылық шаруашылығы ұйымында (оларда ішкі істер органдары берген қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсаты бар қару-жарақ бөлмесі болған жағдайда), қаруды орталықтандырылған сақтау пункттерінде немесе ішкі істер органдарында сақтауға арналған шарттың электрондық көшірмесі;

8) заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындыны ресімдеу кезінде 1) тармақшасына көрсетілген құжаттармен бірге мына құжаттар қоса беріледі:

мөрмен және өтініш берушінің қолымен куәландырылған, сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы иеліктен шығару

құжатының электрондық көшірмесі;

мөрмен және өтінім берушінің қолымен куәландырылған, қаруды жасаушы елден экспорттауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қару жасаушы немесе қаруды сатып алушы елге импорттауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қаруды сатып алушы арасындағы шартының электрондық көшірмесі ;

"транзит" кеден режимін белгілеу туралы кеден органының белгісі бар кеден декларациясы данасының электрондық көшірмесі;

қарудың түрі, типі, моделі, калибрі және нөмірі көрсетілген тасымалданатын қаруды нөмірлік есепке алу тізімінің, сондай-ақ кеден органы куәландырған патрондар типі, калибрі, дайындау партиясы және саны көрсетілген мәліметтердің электрондық көшірмесі;

заңды тұлға ретінде - Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

өнімді әкетуге арналған рұқсаттың болуы туралы экспорттаушы елдің уәкілетті органы берген құжаттың электрондық көшірмесі;

өнім транзитіне байланысты өтініш беруші мемлекетінің заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасы "Сақтандыру қызметі туралы" заңнамасына сәйкес

азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының немесе сақтандыру полисінің электрондық көшірмесі;

өтініш берушінің транзитпен тасымалданатын өнімнің физикалық қорғалуын жүзеге асыруды қамтамасыз етуін растайтын құжаттың және қорғауды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғаның күзет

қызметін жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

егер оған қатысы жоқ себептер бойынша жүк қабылдаушыға жүкті беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, жүк жөнелтушінің жүкті қайта қабылдауға келісмін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын немесе сақтандыру полисін қоспағанда, шет тілдерде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін).

Осы 8) тармақшасында көрсетілген құжаттар консулдық заңдастыру туралы талаптарды сақтай отырып немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес апостиль қойылып ұсынылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензия туралы, азаматтық және қызметтік қаруды және оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы мәліметтерді, мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

- 2) көрсетілетін қызметті алушыда:
тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;
қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;
- 3) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;
- 4) қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы;
- 5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;
- 6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;
- 7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық , Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;
- 8) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;
- 10) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;
- 11) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;
- 12) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;
- 13) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 бұйрығымен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі);
- 14) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;
- 15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін

қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады;

17) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;

18) Қазақстан Республикасы " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;

19) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;

20) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

21) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;

22) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;

23) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік

10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777
----	--	---

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзитке қорытындылар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
I-қосымша

Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзиттеуге қорытынды алуға өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Азаматтық және қызметтік қаруды, оның (құрама) бөлшектері мен патрондарын әкелуге (әкетуге) рұқсат беруіңізді сұраймын

(қарудың түрі, типі, моделі, нөмірі мен саны көрсетіледі, керегінің астын сызу)

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимараттың нөмірі)

Әкелуге (әкетуге) жауапты адамның Т.А.Ә. _____

(паспортының немесе жеке куәлігінің нөмірі)

Әкелінетін (әкетілетін) мемлекет _____

Әкелу (әкету) жүзеге асырылатын кеден бекеті _____

Қару "___" _____ және "___" _____ аралығында әкелінеді (әкетіледі)
(қаруды уақытша әкелген (әкеткен) кезде толтырылады)

Телефоны _____

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны расталады.

Заңды тұлғаның ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "___" _____

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзитке қорытындылар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
2-қосымша

Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзиттеуге қорытындыға мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(заңды тұлға /жеке кәсіпкер)

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі _____

3. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісінің нөмірі _____

Тексерудің аяқталған күні _____

Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

4. Объектінің кадастрлық нөмірі (меншік немесе үй-жайды жалдау құқығында)

Есеп құжаттамасы _____

5. Қаруды қабылдауды есепке алу журналын бастаған күн _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

6. Қарудың келіп түсуі мен сатылуын есепке алу журналын оның патрондары

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

7. Қару мен оның патрондарын есепке алу журналын жүргізу күні мекемелері мен оқу

орындарында _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

8. Түрі бойынша лицензия берген органның атауы, берілген күні, нөмірі қызмет

9. Қару мен оның патрондарын түпкілікті тұтынушы туралы ақпарат _____

10. Қару моделінің (патрондардың типі) және пайдаланылатын патрондардың атауы және белгіленуі туралы ақпарат, Негізгі техникалық көрсеткіштер, қаруды әзірлеуші

елдің және фирманың атауы (Егер қару кадастрды енгізбеген жағдайда) _____

11. Жауапты адамды тағайындау, қаруды бекіту, спортшыны іссапарға жіберу туралы

бұйрықтың нөмірі, қол қойылған күні _____

12. Заңды тұлға қызметкерлеріне мәліметтер _____

Ескертпе: аңшылық шаруашылығы ұйымдарына "қару туралы мәліметтер" қосымша бетіндегі "қарудың, аңшылық оқ-дәрінің, патрондардың атауы" бағанындағы мәліметтерді кезең- кезеңімен толтыру кезінде қарудың атауынан, калибрінен, сериясынан және нөмірінен кейін жақшада көрсету керек (шетелдік аңшының т.а. ә., шетелдік паспортының сериясы мен нөмірі). Қарудың патрондары жеке рұқсат беру құжатымен ресімделеді.

Өтінім берілген күн _____

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы

транзитке қорытындылар беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет Қағидаларына
2-қосымша

<p>[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы)] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері</p>		<p>[Орыс тілде қызмет берушінің атауы)] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері</p>
<p>Дәлелді бас тарту хаты</p>		
<p>Нөмірі: [Нөмірі] Берілген күні: [Берілген күні]</p>	<p>[Өтініш берушінің атауы]</p>	
<p>[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру арқылы транзиттеуге қорытынды беруге (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].</p>		
<p>[Қол қоюшының лауазымы]</p>	<p>[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда)]</p>	
 <p>Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.</p>		

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
6-қосымша

**"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру"
мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары**

Ескерту. Қағидалар 6-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шеңберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 602 Бұйрық), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларда белгіленген талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыны экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептері бойынша тексеру үшін ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдарына және экстремизмге, терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністерге сұрау салу жібереді.

Ұлттық қауіпсіздік аумақтық органдары мен полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністері белгіленген мерзімдерде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабына сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда қорытынды беру келісілген болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, осы адамның заңды пайдалануында кемінде үш жыл аңшылық тегіс ұңғылы қаруы болғанын растайтын ішкі істер органы берген қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы (ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын сатып алған кезде),

қаруды иелену құқығы туралы, қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің шлюзі арқылы алады.

Қазақстан Республикасының аумағында кемінде бір жыл мерзімге тұру үшін белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарында тіркелген, Қазақстан Республикасына туризм мақсатымен, жеке және қызметтік істер бойынша келген және ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген шетелдік адамдарды жоғарыда көрсетілген есепке алу бойынша тексеру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 313 бұйрық) 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша қаруды сақтау шарттарын тексеру туралы учаскелік полиция инспекторына тапсырма дайындайды және жолдайды, № 313 бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық қару иелерін тексеру туралы тапсырмаларды тіркеу журналына тіркейді және орындау үшін учаскелік полиция инспекторына береді.

Учаскелік полиция инспекторы тапсырманы алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыны оның тұрғылықты жері бойынша тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша № 313 бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеру туралы баянат жасалады және көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру жеке тұлғаларға рұқсат дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті

көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nitec.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, кадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе рұқсат бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына
1-қосымша

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі: Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Салық және өзге бюджеттік міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,5 АЕК құрайды. Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері	1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. 2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-

ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.
Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:

- 1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- 2) www.egov.kz. Порталында

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру үшін:

жеке тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың мәліметтері;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/е нысаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесін.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының

арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар қызметкерлері (қызмет өткеру орнының уәкілетті адамының мөрімен және қолтаңбасымен расталған құжатты ұсынған жағдайда) азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытындыны ұсынусыз алады;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 60 бұйрығы мен "Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16463 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 60 Бұйрық) бекітілген 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңшы куәлігінің электрондық көшірмесі, аңшы куәлігін электрондық түрде берген жағдайда мәліметтер нысанында көрсетіледі (азаматтар азаматтық қаруды алып жүру құқығынсыз өзін-өзі қорғау мақсатында сатып ала алмайды);

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламалары нысан бойынша қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруден өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (спорт шеберінің кандидатынан төмен емес разряды бар спортшылар - Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының мүшелері ретінде ұсынылмайды);

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

агенттігі төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 295 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9673 болып тіркелген) Спортшыны тіркеу туралы куәлікті беру және ауыстыру, спорт федерацияларының спортшыны тіркеу туралы мәліметтерді ұсыну туралы қағидаларының 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атыспен байланысты спорт шеберіне кандидаттан төмен емес разрядты көрсете отырып, спортшыны тіркеу туралы куәліктің электрондық көшірмесі, спорт түрлері бойынша аккредиттелген республикалық, өңірлік спорт федерациясында тіркеуден өткенін растайтын және спорттық атыспен тұрақты түрде айналысатын азамат мәртебесін растайтын (Атыс спорты түрлері бойынша сабақтар үшін қару сатып алған кезде); спорт түрлері бойынша республикалық және өңірлік аккредиттелген спорт федерацияларының қолдау хатының электрондық көшірмесі (спорттың атыс түрлері бойынша сабақтарға арналған қаруды сатып алу кезінде); Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 602 Бұйрық), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша спорттық қаруды сатып алатын спортшы тұратын спорт федерацияларында немесе ұйымдарда спорттық қаруды ұстау нормаларын ескере отырып, қолда бар және қажетті қару мен оның патрондарының саны туралы мәліметтердің

электрондық көшірмесі (атыс спорт түрлері бойынша сабақтар үшін қаруды сатып алу кезінде); туристік мақсатымен, жеке және қызметтік істері бойынша Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктерге өздері сол елдердің азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініштері, сатып алған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкететін жағдайда электрондық көшірмесін;

кемінде бір жыл мерзімге Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктерге өздері сол елдердің азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініштерінің электрондық көшірмесі (тегіс ұзын ұңғылыны қоспағанда, өзін-өзі қорғау азаматтық қаруын сатып алуға рұқсат алу үшін); нақты тұрғылықты жері бойынша қаруды сақтау шарттары болмаған жағдайда, орталықтандырылған сақтау пункттерінде қаруды сақтауға арналған шарттың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, осы адамның заңды пайдалануында кемінде үш жыл аңшылық тегіс ұңғылы қаруы болғанын растайтын ішкі істер органы берген қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы (ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын сатып алған кезде), қаруды иелену құқығы туралы, қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші

тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің шлюзі арқылы алады.

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушыда: тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;

қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;

3) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;

4) жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;

5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық

, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2,

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;

8) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жолдау туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

10) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

11) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;

12) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

13) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған материалдары, объектілер, деректер мен мәліметтер № 602 Бұйрығының азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларына белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

14) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс

жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса;

17) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;

18) Қазақстан Республикасы " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;

19) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;

20) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

21) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;

22) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;

23) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға

10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777</p>
----	--	---

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
I-қосымша

Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру өтініші

— (көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)
Кімнен _____

— (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

— (қарудың түрі, типі, нөмірі және саны көрсетіледі)
_____ байланысты
(қажеттілігі себебін көрсету)
Азаматтық қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беруіңізді (керегінің асты сызылады)

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы, қаруды сақтауға жағдайдың бар-жоғы
(сейфтің техникалық нығайтылуы, қалалық жер иелері үшін дабыл сигнализация орнатылған тұралы) егер болмаған жағдайда орталықтандырылған сақтау пунктімен жасалған күні мен келісім шарты көрсетіледі

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы,

үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналған сейфтің бар-жоғы)
_____ дан _____ дейін
(қаруды тасымалдау кезінде қаруды жөнелту және жеткізу пунктін көрсету)
Электрондық поштасы _____

Телефоны _____

Факс _____

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылатыны расталады және оларға кез келген ақпарат жіберілуі және рұқсат беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша тексеру жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаның ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "___" _____

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
2-қосымша

Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(жеке тұлға)

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

3. Объектінің кадастрлық нөмірі (қаруды сақтау жөніндегі үй-жай) _____

4. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті

орган белгілеген аңшы куәлігінің болуы туралы мәліметтер _____

5. Қару түрінің, үлгісінің, моделінің, жүйесінің, калибрінің, нөмірінің қолда бар қаруының бар-жоғы туралы мәліметтер _____


6. Спорттық қару сатып алатын спортшы тұратын федерациялар немесе спорттық ұйымдар туралы мәліметтер _____

7. Спорт федерациясына немесе спортшы есептелетін ұйымға қару мен оның патрондарының қолда бар және қажетті саны туралы мәліметтер _____

Өтінім берілген күн _____

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына
2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері		[Орыс тілде қызмет берушінің атауы] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері
Дәлелді бас тарту хаты		
Нөмірі: [Нөмірі] Берілген күні: [Берілген күні]	[Өтініш берушінің атауы]	
[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].		
[Қол қоюшының лауазымы]	[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда))]	



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
7-қосымша

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар 7-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шенберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның

тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 602 Бұйрық), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларда белгіленген талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін

көрсетілетін қызметті алушыны экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептері бойынша тексеру үшін ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдарына және экстремизмге, терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністерге сұрау салу жібереді.

Ұлттық қауіпсіздік аумақтық органдары мен полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністері белгіленген мерзімдерде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабына сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда қорытынды беру келісілген болып есептеледі.

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, Ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін азаматтық және қызметтік қаруды сақтауға және өткізуге арналған арнайы жабдықталған үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, Ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, қаруды иелену құқығы туралы, қару сату жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Заңды тұлғаларды тексеруді қызмет берушінің қызметкері үй-жайларды, қару мен оның патрондарын сақтау, сақтау және есепке алу жағдайларына, № 602 Бұйрықпен белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін өз бетінше барып жүзеге асырады немесе полиция органдарының қалалық және аудандық бөлімшелеріне сұрау салу жібереді (азаматтық және қызметтік қару саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғаларды қоспағанда), тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген) 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні тексеру туралы акт толтырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының,

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген) 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, заңды тұлғаларға рұқсат дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nitec.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, қадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе рұқсат бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру"

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Салық және өзге бюджеттік міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол: заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 3 АЕК құрайды. Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін
		1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүтінген кезде

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:

1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;

2) www.egov.kz. Порталында

заң тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат беру үшін:

заңды тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың мәліметтері;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/енесаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесін;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламалары нысан бойынша қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруден өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (азаматтық және қызметтік қаруды сатуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар басшының қолымен және бар болған жағдайда мөрмен расталған қаруды қолдануға рұқсат туралы құжат ұсынады, сондай-ақ спорт шеберінің кандидатынан төмен емес разряды бар Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының мүше спортшылары қатыса алмайды) жолдайды;

қару мен оның патрондарын сатып алуға және сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі;

қару және (немесе) оның патрондарын жеткізуге немесе сатып алуға арналған шарттың (келісімшарттың) электрондық көшірмесі (қаруды әкелуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін) не қару мен оның патрондарын сатып алу-сату шарты (келісімшарты) (азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін).

Келісімшартта немесе оның қосымшасында (ерекшелігінде)

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

жеткізілетін қару мен оқ-дәрілердің нақты түрлері мен модельдері және олардың саны көрсетіледі;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның жаракат салатын әсері бар патрондары бар қарудың және электр қаруының көрсетілген қарудың зақымдағыш факторларының адамға тигізетін жол берілген әсерінің белгіленген нормаларына сәйкестігі туралы қорытындының (қаруды сатуды жүзеге асыратын ұйым оны сатып алуға ниет білдірген кезде) электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 602 Бұйрық), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының талаптарында белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері және модельдері бойынша, оларды қамтамасыз етудің бекітілген нормаларына сәйкес қолда бар және қажетті саны туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі, қару мен оның патрондарының қажетті санының есебі № 602 бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады (азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғалар оны ұсынылмайды).

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, Ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін азаматтық және қызметтік қаруды сақтауға және өткізуге арналған арнайы жабдықталған үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, Ішкі істер органы берген азаматтық

		<p>және қызметтік қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, қаруды иелену құқығы туралы, қару сату жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p>
		<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыда: тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;</p> <p>қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;</p> <p>3) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;</p> <p>4) жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;</p> <p>5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;</p> <p>6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;</p> <p>7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (</p>

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық , Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;

8) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жолдау туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

10) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

11) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;

12) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

13) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған материалдары, объектілер, деректер мен мәліметтер № 602 Бұ

йрығының азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларына белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

14) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса;

17) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;

18) Қазақстан Республикасы " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;

19) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;

20) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

21) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;

22) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;

23) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық

		заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777</p>

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
1-қосымша

Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ байланысты

(рұқсат алу себебін көрсету)

Қызметтік қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат беруіңізді сұраймын _____

(қарудың түрін, типін, моделін, нөмірін және санын көрсету, керегінін астын сызу)

_____ -дан _____ дейін

(қаруды тасымалдау кезінде қаруды жөнелту және жеткізу пунктін көрсету)

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

_____ көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналған сейфтің бар-жоғы)

_____ Электрондық поштасы _____

_____ Телефоны _____

_____ Факс _____

_____ Қызметті жүзеге асыру мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

_____ көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналған сейфтің бар-жоғы)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны расталады.

Заң тұлғаның басшысы ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "____" _____

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
2-қосымша

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсатқа мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

_____ (заңды тұлға)

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі

3. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісінің нөмірі _____

Тексерудің аяқталған күні _____

Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

4. Объектінің (үй-жайдың) кадастрлық нөмірі _____

Есеп құжаттамасы _____

5. Қаруды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, бекітіп беруге Т. А. Ә. (болған кезде)

көрсете отырып,

жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі, қол қойылған күні _____

(қажеттісінің астын сызу)

6. Қаруды қабылдауды есепке алу журналын бастаған күн _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

7. Кәсіпорындарда, мекемелерде және оқу орындарында қару мен оның патрондарын

есепке алу журналын жүргізу күні _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

8. Қызметтік қаруды пайдалану құқығы берілген ұйымды жатқызу туралы мәліметтер



9. Қару түрімен, түрімен, моделімен, жүйесімен, калибрімен, нөмірімен иеленуге жеке

бекітілген (әрбір жеке бірлікке) лауазымның аты-жөні көрсетілген заңды тұлға қызметкерлеріне арналған мәліметтер _____

10. Аумақтық көліктік бақылау органы берген қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға арнайы рұқсаты бар, меншік құқығында арнайы жабдықталған автокөлік құралының болуы туралы мәліметтер _____

Өтінім берілген күн _____

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет
Қағидаларына
2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері		[Орыс тілде қызмет берушінің атауы] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері
Дәлелді бас тарту хаты		
Нөмірі: [Нөмірі] Берілген күні: [Берілген күні]	[Өтініш берушінің атауы]	
[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].		
[Қол қоюшының лауазымы]	[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда))]	
		
<small>Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.</small>		

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шенберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында 1) және 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 602 Бұйрық), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларда белгіленген талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыны экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептері бойынша тексеру үшін ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдарына және экстремизмге, терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністерге сұрау салу жібереді.

Ұлттық қауіпсіздік аумақтық органдары мен полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністері белгіленген мерзімдерде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабына сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда қорытынды беру келісілген болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, осы адамның заңды пайдалануында кемінде үш жыл аңшылық тегіс ұңғылы қаруы болғанын растайтын ішкі істер органы берген қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы (ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын сатып алған кезде), қаруды иелену құқығы туралы, Қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады.

Қаруды тұрақты тұратын жері бойынша сақтау шарттары көрсетілетін қызметті алушының өтінішімен расталады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген) 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге жеке тұлғаларға рұқсат дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nites.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, кадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе рұқсат бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс

күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына
1-қосымша

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық

6	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Салық және өзге бюджеттік міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол: жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтау немесе сақтау мен алып жүру құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,5 АЕК құрайды; жеке және заңды тұлғаларға азаматтық, қызметтік қарудың әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,1 АЕК құрайды.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері</p>	<p>1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:</p>

1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;

2) www.egov.kz. Порталында

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат беру үшін:

жеке тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың мәліметтері; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/е нысаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесін.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар қызметкерлері (қызмет өткеру орнының уәкілетті адамының мөрімен және қолтаңбасымен расталған құжатты

ұсынған жағдайда) азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытындыны ұсынбай алады; Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 60 бұйрығы мен "Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16463 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 60 Бұйрық) бекітілген 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган белгілеген аңшы куәлігін көшірмесі, аңшы куәлігін электрондық түрде берген жағдайда мәліметтер нысанында көрсетіледі (азаматтар азаматтық қаруды алып жүру құқығынсыз өзін-өзі қорғау мақсатында сатып ала алмайды);

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламалары нысан бойынша қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруден өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (спорт шеберінің кандидатынан төмен емес разряды бар спортшылар-Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының мүшелері ретінде ұсынылмайды);

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 295 бұйрығы

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

ымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9673 болып тіркелген) Спортшыны тіркеу туралы куәлікті беру және ауыстыру, спорт федерацияларының спортшыны тіркеу туралы мәліметтерді ұсыну туралы қағидаларының 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атыспен байланысты спорт шеберіне кандидаттан төмен емес разрядты көрсете отырып, спортшыны тіркеу туралы куәліктің электрондық көшірмесі, спорт түрлері бойынша аккредиттелген республикалық, өңірлік спорт федерациясында тіркеуден өткенін растайтын және спорттық атыспен тұрақты түрде айналысатын азамат мәртебесін растайтын (атыс спорт түрлерімен айналысатын қару иелерімен ұсынылады);

нақты тұрғылықты жері бойынша қаруды сақтау шарттары болмаған жағдайда, қаруды орталықтандырылған сақтау пункттерінде сақтауға арналған шарттың электрондық көшірмесін қоса беріледі;

ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруының оқтары мен гильзаларының бақылау атылуы туралы мәліметтері нысанында көрсетіледі (ойық қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қару иелері міндетті түрде ішкі істер органдарында әрбір 5 жыл сайын оқтар мен гильзаларды атуды жүргізеді);

2) жеке тұлғаларға қаруды сатып алғаннан кейін азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсат алу үшін (ішкі істер органдары берген азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға арналған рұқсаттар бойынша):

жеке тұлғаның негізгі талаптар Тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар

Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, азаматтық қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсат беру құжатын бергені үшін, азаматтық қарудың әрбір бірлігін сатып алғаннан кейін тіркегені және қайта тіркегені үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттар туралы мәліметтер.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, осы адамның заңды пайдалануында кемінде үш жыл аңшылық тегіс ұңғылы қаруы болғанын растайтын ішкі істер органы берген қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы (ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын сатып алған кезде), қаруды иелену құқығы туралы, Қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады.

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушыда: тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;

қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;

3) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;

4) жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе заңмен

белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;

5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық , Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;

8) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жолдау туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

10) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

11) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;

12) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

13) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған материалдары, объектілер, деректер мен мәліметтер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

14) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы

		<p>мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса;</p> <p>17) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;</p> <p>18) Қазақстан Республикасы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;</p> <p>19) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;</p> <p>20) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;</p> <p>21) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;</p> <p>22) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;</p> <p>23) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай</p>

байланыс орталығының телефоны
арқылы алады "1414", 8-800-080-
7777

"Жеке тұлғаларға азаматтық
қару мен оның патрондарын
сақтауға, сақтау мен алып
жүруге рұқсаттар беру"
мемлекеттік қызметін көрсетуге
қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
1-қосымша

**Жеке тұлғаның азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге,
рұқсат алуға өтініші**

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қарудың түрі, типі, нөмірі және саны көрсетіледі)

_____ байланысты

(қажеттілігі себебін көрсету)

Азаматтық қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға
рұқсат

беруіңізді (керегінің асты сызылады)

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы, қаруды сақтауға жағдайдың
бар-жоғы

(сейфтің техникалық нығайтылуы, қалалық жер иелері үшін дабыл сигнализация
орнатылған тұралы) егер болмаған жағдайда орталықтандырылған сақтау пунктімен
жасалған күні мен келісім шарты көрсетіледі

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы,

үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналған сейфтің бар-жоғы)

_____ дан _____ дейін

(қаруды тасымалдау кезінде қаруды жөнелту және жеткізу пунктін көрсету)

Электрондық поштасы _____

—
Телефоны _____

—
Факс _____

—
"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылатыны расталады және оларға кез келген ақпарат жіберілуі және рұқсат беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша тексеру жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаның ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "____" _____

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
2-қосымша

Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

—
(жеке тұлға)

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

—
3. Объектінің кадастрлық нөмірі (қаруды сақтау жөніндегі үй-жай) _____

—
4. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті

орган белгілеген аңшы куәлігінің болуы туралы мәліметтер _____

—

—
5. Ішкі істер органдарында ойық ұңғылы азаматтық қаруды бақылау арқылы ату туралы

мәліметтер (актінің нөмірін, күнін, атуды жүргізген жауапты лауазымды адамды

көрсете отырып)

6. Азаматтық қаруды сатып алу туралы мәліметтер (мамандандырылған дүкеннің атауы, қаруды сатып алуға рұқсат беру құжатының нөмірі, рұқсаттың нөмірін, күнін және кім бергенін көрсете отырып, алдыңғы қару иесінің Т. А. Ә. көрсетіледі)

7. Қарудың түрі, үлгісі, моделі, жүйесі, калибрі, нөмірі және дайындаушы зауыт көрсетілген қолда бар (сатып алынған) қарудың болуы туралы мәліметтер _____

8. Спорттық қару сатып алатын спортшы тұратын федерациялар немесе спорттық ұйымдар туралы мәліметтер _____

9. Спорт федерациясына немесе спортшы есептелетін ұйымға қару мен оның патрондарының қолда бар және қажетті саны туралы мәліметтер _____

Өтінім берілген күн _____

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына
2-қосымша

--	--	--

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері



[Орыс тілде қызмет берушінің атауы] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері

Дәлелді бас тарту хаты

Нөмірі:

[Нөмірі]





[Өтініш берушінің атауы]

Берілген күні: [Берілген күні]

[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].

[Қол қоюшының лауазымы]

[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда))]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
9-қосымша

"Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар 9-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-

бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шеңберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 602 Бұйрық), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларда белгіленген талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыны экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептері бойынша тексеру үшін ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдарына және экстремизмге, терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністерге сұрау салу жібереді.

Ұлттық қауіпсіздік аумақтық органдары мен полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністері белгіленген мерзімдерде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабына сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда қорытынды беру келісілген болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, Ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін қызметтік қаруды сақтауға арналған арнайы жабдықталған үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, азаматтық және қызметтік қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік

бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің " шлюзі" арқылы алады.

Заңды тұлғаларды тексеруді қызмет берушінің қызметкері үй-жайларды, қару мен оның патрондарын сақтау, сақтау және есепке алу жағдайларына, № 602 Бұйрықпен белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін өз бетінше барып жүзеге асырады немесе полиция органдарының қалалық және аудандық бөлімшелеріне сұрау салу жібереді, тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген) 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні тексеру туралы акт толтырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген) 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заң тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсат дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың

туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nites.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, кадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе рұқсат бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет
Қағидаларына
1-қосымша

"Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 27.06.2023 № 515 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық

6	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Салық және өзге бюджеттік міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүру құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1 АЕК құрайды.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері</p>	<p>1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:</p> <p>1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz. Порталында</p>
		<p>заң тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру рұқсат беру үшін:</p> <p>заңды тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын</p>

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың мәліметтері; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/е нысаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесін;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламалары нысан бойынша қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруден өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі, күзетшілерді даярлау (біліктілігін арттыру) жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары берген күзетші ретінде жұмыс істеу үшін даярлықтан өткенін растайтын куәліктің электрондық көшірмесі

ұсынылады (жеке күзет ұйымдарының күзетшілері үшін); қаруды қолдануға заңды тұлғалардың қызметкерлеріне бекітілген қарудың түрін, үлгісін, моделін, жүйесін, калибрін, нөмірін көрсете отырып, бұйрықтың электрондық көшірмесі;

қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, Ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін қызметтік қаруды сақтауға арналған арнайы жабдықталған үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, азаматтық және қызметтік қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушыда: тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;

қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;

3) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;

4) жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе заңмен

белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;

5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық , Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;

8) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жолдау туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

10) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

11) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;

12) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

13) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған материалдары, объектілер, деректер мен мәліметтер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

14) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы

		<p>мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса;</p> <p>17) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;</p> <p>18) Қазақстан Республикасы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;</p> <p>19) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;</p> <p>20) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;</p> <p>21) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;</p> <p>22) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;</p> <p>23) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай</p>

байланыс орталығының телефоны
арқылы алады "1414", 8-800-080-
7777

"Заңды тұлғаларға қызметтік
қару мен оның патрондарын
сақтау мен алып жүруге
рұқсаттар беру" мемлекеттік
қызметін көрсетуге қойылатын
негізгі талаптар тізбесіне
1-қосымша

Заңды тұлғаларға қызметтік қару және оған патрондарды сақтауға және алып жүруге рұқсат алуға өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ байланысты

(рұқсат алу себебін көрсету)

Қызметтік қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат беруіңізді
сұраймын _____

(қарудың түрін, типін, моделін, нөмірін және санын көрсету, керегінін астын сызу)

_____ -дан _____ дейін

(қаруды тасымалдау кезінде қаруды жөнелту және жеткізу пунктін көрсету)

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналған сейфтің бар-жоғы)

Электрондық поштасы _____

Телефоны _____

Факс _____

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналға сейфтің бар-жоғы)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны расталады.

Заң тұлғаның басшысы ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы " ____ " _____

"Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
2-қосымша

Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсатқа мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

_____ (заңды тұлға)

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

3. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісінің нөмірі _____

Тексерудің аяқталған күні _____

Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

4. Объектінің (үй-жайдың) кадастрлық нөмірі _____

Есеп құжаттамасы _____

5. Анкеталық деректерді және атқаратын лауазымын көрсете отырып, Қаруға рұқсаттама алуға үміткер адамдардың тізімі _____

6. Қаруды қабылдауды есепке алу журналын бастаған күн _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

7. Кәсіпорындарда, мекемелерде және оқу орындарында қару мен оның патрондарын есепке алу журналын жүргізу күні _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

8. Қызметтік қаруды пайдалану құқығы берілген ұйымды жатқызу туралы мәліметтер _____

9. Қару түрімен, түрімен, моделімен, жүйесімен, калибрімен, нөмірімен иеленуге жеке

бекітілген (әрбір жеке бірлікке) лауазымның аты-жөні көрсетілген заңды тұлға қызметкерлеріне арналған мәліметтер _____

Өтінім берілген күн _____

"Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет
Қағидаларына
2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері		[Орыс тілде қызмет берушінің атауы] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері
Дәлелді бас тарту хаты		
Нөмірі: [Нөмірі] Берілген күні: [Берілген күні]	[Өтініш берушінің атауы]	
[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].		
[Қол қоюшының лауазымы]	[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда))	
 <p data-bbox="115 1451 1182 1486">Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.</p>		

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
10-қосымша

"Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар 10-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір

күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шенберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағының 1) және 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 602 Бұйрық), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларда белгіленген талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыны экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептері бойынша тексеру үшін ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдарына және экстремизмге, терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністерге сұрау салу жібереді.

Ұлттық қауіпсіздік аумақтық органдары мен полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністері белгіленген мерзімдерде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабына сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда қорытынды беру келісілген болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды

қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, Ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін қызметтік қаруды сақтауға арналған арнайы жабдықталған үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, Қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады.

Заңды тұлғаларды тексеруді қызмет берушінің қызметкері үй-жайларды, қару мен оның патрондарын сақтау, сақтау және есепке алу жағдайларына, № 602 Бұйрықпен белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін өз бетінше барып жүзеге асырады немесе полиция органдарының қалалық және аудандық бөлімшелеріне сұрау салу жібереді, тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген) 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні тексеру туралы акт толтырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген) 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру заңды тұлғаларға рұқсат дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nitec.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, кадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе рұқсат бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын

бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына 1-қосымша

"Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
		заң тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	рұқсат беру бойынша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Салық және өзге бюджеттік міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол: заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1 АЕК құрайды;</p> <p>заңды тұлғалардың қызметтік қаруының әрбір бірлігін сатып алу кезінде тіркеу және қайта тіркеу үшін мемлекеттік баж төленген күнге белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,1 АЕК құрайды құрайды.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін</p>
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері	<p>1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-</p>

ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:

- 1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- 2) www.egov.kz. Порталында

заң тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру үшін:

заңды тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың мәліметтері; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/е нысаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесін.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) азаматтық және

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламалары нысан бойынша қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруден өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмес (спорт шеберінің кандидатынан төмен емес разряды бар спортшылар-Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының мүшелері ретінде ұсынылмайды);

дене шынықтыру және спорт саласында орындалатын жарғылық міндеттерге сәйкес атыспен байланысты спорт түрі бойынша аккредиттелген республикалық федерацияның қаруды бекітіп беру туралы қолдау хатының электрондық көшірмесі (қандай да бір спорт ұйымына бекітілген Спорт шеберінің кандидатынан төмен емес разряды бар Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасына мүше спортшылардың тұрғылықты жері бойынша спорттық тегіс ұңғылы қаруды сақтауға рұқсат беру кезінде ұсынылады);

қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі;

қаруды сақтау шарттары болмаған жағдайда, орталықтандырылған сақтау пункттерінде қаруды сақтауға арналған шарттың не ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін үй-жайды жалға алуға арналған шарттың электрондық көшірмесі; ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруының оқтары мен гильзаларының бақылау атылуы туралы мәліметтері нысанында көрсетіледі (ойық қаруды сақтауға рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қару пайдаланушыларымен міндетті түрде ішкі істер органдарында әрбір 5 жыл сайын оқтар мен гильзаларды атуды жүргізеді);

2) заңды тұлғаларға қаруды сатып алғаннан кейін азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсат алу үшін (ішкі істер органдары берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға арналған рұқсаттар бойынша):

заңды тұлғаның негізгі талаптар Тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, азаматтық және қызметтік қаруды сақтауға рұқсат беру құжатын бергені үшін, азаматтық және қызметтік қарудың әрбір бірлігін сатып алғаннан кейін тіркегені және қайта тіркегені үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттар туралы мәліметтер;

дене шынықтыру және спорт саласында орындалатын жарғылық міндеттерге сәйкес атыспен байланысты спорт түрі бойынша аккредиттелген республикалық федерацияның қаруды бекітіп беру туралы қолдаухатының электрондық көшірмесі (қандай да бір спорт ұйымына бекітілген Спорт шеберінің кандидатынан төмен емес разряды бар Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасына мүше спортшылардың тұрғылықты жері бойынша спорттық тегіс ұңғылы қаруды сақтауға рұқсат беру кезінде ұсынылады).

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, Ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін қызметтік қаруды сақтауға арналған арнайы жабдықталған

үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, Қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады.

- 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;
- 2) көрсетілетін қызметті алушыда: тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы; қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;
- 3) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;
- 4) жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;
- 5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;
- 6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;
- 7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық , Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;

8) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жолдау туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

10) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

11) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;

12) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

13) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған материалдары, объектілер, деректер мен мәліметтер

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

14) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса;

17) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;

18) Қазақстан Республикасы " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;

19) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;

20) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

21) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;

		<p>22) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;</p> <p>23) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777</p>

"Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымша

Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат алуға өтініші

—

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ байланысты

(рұқсат алу себебін көрсету)

Қызметтік қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат беруіңізді

сұраймын _____

(қарудың түрін, типін, моделін, нөмірін және санын көрсету, керегінін астын сызу)

_____ -дан _____ дейін

(қаруды тасымалдау кезінде қаруды жөнелту және жеткізу пунктін көрсету)

Занды тұлғаның мекенжайы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналған сейфтің бар-жоғы)

Электрондық поштасы _____

Телефоны _____

Факс _____

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналға сейфтің бар-жоғы)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны расталады.

Заң тұлғаның басшысы ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "____" _____

"Занды тұлғаларға қызметтік
қару мен оның патрондарын
сақтауға рұқсат беру"
мемлекеттік қызметін көрсетуге
қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
2-қосымша

**Занды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру мәліметтер
нысаны**

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

_____ (заңды тұлға)

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

3. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісінің нөмірі _____

_____ Тексерудің аяқталған күні _____

_____ Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

4. Объектінің (үй-жайдың) кадастрлық нөмірі _____

_____ Есеп құжаттамасы _____

5. Қызметтік қаруды сатып алу, сақтау, сақтау және алып жүру, тасымалдау үшін
Т. А. Ә. көрсете отырып, жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі,

қол

қойылған күні _____

_____ (қажеттісінің астын сызу)

6. Қаруды қабылдауды есепке алу журналын бастаған күн _____

_____ (лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

7. Кәсіпорындарда, мекемелерде және оқу орындарында қару мен оның патрондарын

есепке алу журналын жүргізу күні _____

_____ (лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

8. Қызметтік қаруды пайдалану құқығы берілген ұйымды жатқызу туралы мәліметтер


9. Сатып алынған азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары туралы мәліметтер _____

10. Ішкі істер органдарында ойық ұңғылы қызметтік қаруды бақылап ату туралы

мәліметтер (актінің нөмірін, күнін, атуды жүргізген жауапты лауазымды адамды көрсете отырып не алғаш сатып алған кезде мамандандырылған дүкенде дүкеннің атауы көрсетіледі)

Өтінім берілген күн _____

"Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына 2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы)] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері		[Орыс тілде қызмет берушінің атауы)] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері
Дәлелді бас тарту хаты		
Нөмірі: [Нөмірі] Берілген күні: [Берілген күні]	[Өтініш берушінің атауы]	
[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].		
[Қол қоюшының лауазымы]	[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда))	
 <p data-bbox="115 1654 1187 1696">Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.</p>		

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
11-қосымша

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар 11-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шеңберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлғаға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 602 Бұйрық), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларда белгіленген талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыны экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептері бойынша тексеру үшін ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдарына және экстремизмге, терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністерге сұрау салу жібереді.

Ұлттық қауіпсіздік аумақтық органдары мен полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністері белгіленген мерзімдерде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабына сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда қорытынды беру келісілген болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, азаматтық қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, қаруды иелену құқығы туралы, Қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтерді, мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Қаруды тұрақты тұратын жері бойынша сақтау шарттары көрсетілетін қызметті алушының өтінішімен расталады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген) 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру жеке тұлғаларға рұқсат дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nites.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, кадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе рұқсат бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс

күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына 1-қосымша

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
		Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

6	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Салық және өзге бюджеттік міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,1 АЕК құрайды.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері</p>	<p>1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:</p> <p>1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz. Порталында</p>
		<p>жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру үшін :</p> <p>жеке тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-</p>

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың мәліметтері; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/е нысаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесін.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар қызметкерлері (қызмет өткеру орнының уәкілетті адамының мөрімен және қолтаңбасымен расталған құжатты ұсынған жағдайда) азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты қару тасымалдауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытындыны ұсынбай алады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып

тіркелген) азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламалары нысан бойынша қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруден өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;

азаматтық қару иесінің үшінші адамға қаруды тасымалдау құқығына берген еркін нысанында куәландырылған сенімхатының электрондық көшірмесі (қызмет алушымен) қоса беріледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, азаматтық қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, қаруды иелену құқығы туралы, Қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтерді, мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

- 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;
- 2) көрсетілетін қызметті алушыда: тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы; қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;
- 3) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;
- 4) жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;
- 5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше

бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық , Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;

8) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жолдау туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

10) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

11) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;

12) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

13) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған материалдары, объектілер, деректер мен мәліметтер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

14) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса;

17) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс

		<p>жүргізу бойынша борышкер болып табылса;</p> <p>18) Қазақстан Республикасы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;</p> <p>19) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;</p> <p>20) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;</p> <p>21) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;</p> <p>22) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;</p> <p>23) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777</p>

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі

Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру алуға өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қарудың түрі, типі, нөмірі және саны көрсетіледі)

_____ байланысты

(қажеттілігі себебін көрсету)

Азаматтық қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат

беруіңізді (керегінің асты сызылады)

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы, қаруды сақтауға жағдайдың бар-жоғы

(сейфтің техникалық нығайтылуы, қалалық жер иелері үшін дабыл сигнализация орнатылған тұралы) егер болмаған жағдайда орталықтандырылған сақтау пунктiмен жасалған күні мен келісім шарты көрсетіледі

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы,

_____ үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналған сейфтің бар-жоғы)

_____ дан _____ дейін

(қаруды тасымалдау кезінде қаруды жөнелту және жеткізу пунктін көрсету)

Электрондық поштасы _____

Телефоны _____

Факс _____

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылатыны расталады және оларға кез келген ақпарат жіберілуі және рұқсат беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша тексеру жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаның ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы " ____ " _____

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
2-қосымша

Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(жеке тұлға)

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

3. Үшінші тұлғаның қаруды тасымалдау үшін қаруды сақтау және алып жүру құқығына

рұқсаттың болуы туралы мәліметтер _____

4. Қаруды тасымалдауға арналған болжамды көлік түрі _____

Өтінім берілген күн _____

"Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына
2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері



[Орыс тілде қызмет берушінің атауы] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері

Дәлелді бас тарту хаты

Нөмірі:

[Нөмірі]


Берілген күні: [Берілген күні]

[Өтініш берушінің атауы]

[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].

[Қол қоюшының лауазымы]

[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда))]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
12-қосымша

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар 12-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер щенберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды (бұдан әрі – Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 602 Бұйрық), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларда белгіленген талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыны экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептері бойынша тексеру үшін ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдарына және экстремизмге, терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністерге сұрау салу жібереді.

Ұлттық қауіпсіздік аумақтық органдары мен полиция департаменттерінің экстремизмге және терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөліністері белгіленген мерзімдерде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабына сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда қорытынды беру келісілген болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, Ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін қызметтік қаруды сақтауға арналған арнайы жабдықталған үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, Қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады.

Заңды тұлғаларды тексеруді қызмет берушінің қызметкері үй-жайларды, қару мен оның патрондарын сақтау, сақтау және есепке алу жағдайларына, № 602 Бұйрықпен белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін өз бетінше барып жүзеге асырады немесе полиция органдарының қалалық және аудандық бөлімшелеріне сұрау салу жібереді, тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген) 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні тексеру туралы акт толтырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген) 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру жеке тұлғаларға рұқсат дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nitec.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, кадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе рұқсат бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық

жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет
Қағидаларына
1-қосымша

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Салық және өзге бюджеттік міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 2 АЕК құрайды. Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін
		1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері

бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:

1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;

2) www.egov.kz Порталында

заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру үшін:

заңды тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың мәліметтері;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/е нысаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесін (азаматтық және қызметтік қаруды, оның патрондарын сатуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар басшының мөрімен және қолымен расталған, қаруды қолдануға рұқсат туралы құжат ұсынады); Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламалары нысан бойынша қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруден өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (азаматтық және қызметтік қаруды сатуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар басшының қолымен және бар болған жағдайда мөрмен расталған қаруды қолдануға рұқсат туралы құжат ұсынады) жолдайды;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аумақтық көліктік бақылау органы берген тасымалдауды жүзеге асыруға арнайы рұқсаты бар, арнайы жабдықталған автокөлік құралын

жалға алу құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде);

атыс қаруымен қаруланған кемінде 2 адамнан тұратын күзетпен жүру жолында саны 4 бірліктен астам атыс қаруының партияларын немесе саны 1000 данадан астам патрондарды алып жүруді қамтамасыз ететін тасымалдауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі;

жарыстар немесе жиындар өткізу орны бойынша арнайы жабдықталған үй-жайдың болуын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (спорттық қаруды тасымалдау кезінде);

күзет қызметін көрсету жөніндегі шарттың электрондық көшірмесі. Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, Ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін қызметтік қаруды сақтауға арналған арнайы жабдықталған үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, Қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады.

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушыда:

тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;

қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;

3) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;

4) жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;

5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған;

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық

, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;

8) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жолдау туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

10) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

11) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың айналымы саласындағы техникалық регламентке және криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеген;

12) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

13) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған материалдары, объектілер, деректер мен мәліметтер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген), азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

14) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне

тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса;

17) сот орындаушысының енгізген ұсынымы бойынша үйден шығару және бұзу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;

18) Қазақстан Республикасы " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда;

19) тіркелген қаруды қайтадан жоғалтқан;

20) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

21) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша қорғау нұсқамасы шығарылған;

22) егер қаруды иеленуге медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жүргізеді;

23) сол сияқты қарудың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін алып тасталған немесе өтелген сотталғандығы бар адамдарға

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы

10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777
----	--	---

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
1-қосымша

Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру өтініші

— (көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)
Кімнен _____
(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі) _____ байланысты

— (рұқсат алу себебін көрсету)
Қызметтік қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат беруіңізді сұраймын _____

— (қарудың түрін, типін, моделін, нөмірін және санын көрсету, керегінін астын сызу)
_____ -дан _____ дейін
(қаруды тасымалдау кезінде қаруды жөнелту және жеткізу пунктін көрсету)
Заңды тұлғаның мекенжайы _____

— (пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

— көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналған сейфтің бар-жоғы)

— Электрондық поштасы _____
Телефоны _____
Факс _____

—

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы _____

— (пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

— көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналға сейфтің бар-жоғы)
"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны расталады.

Заң тұлғаның басшысы ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "____" _____

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
2-қосымша

Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

— (заңды тұлға)

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

— 3. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісінің нөмірі _____

— Тексерудің аяқталған күні _____

— Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

— 4. Объектінің (үй-жайдың) кадастрлық нөмірі _____

— 5. Т. А. Ә., көрсетілген қарулы күзет адамдарының тізімі, қызметтік қаруды бекіту бойынша сақтауға рұқсаттардың бар-жоғы көрсетілген тасымалдауға жауапты адамды

Т. А. Ә тағайындау туралы мәліметтер _____

6. Қаруды қабылдауды есепке алу журналын бастаған күн _____


7. Кәсіпорындарда, мекемелерде және оқу орындарында қару мен оның патрондарын есепке алу журналын жүргізу күні _____


8. Қызметтік қаруды пайдалану құқығы берілген ұйымды жатқызу туралы мәліметтер _____

9. Аумақтық көліктік бақылау органы берген қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға арнайы рұқсаты бар, меншік құқығында арнайы жабдықталған автокөлік құралының болуы туралы мәліметтер _____

Өтінім берілген күн _____

"Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет
Қағидаларына
2-қосымша

<p>[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері</p>		<p>[Орыс тілде қызмет берушінің атауы] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері</p>
<p>Дәлелді бас тарту хаты</p>		

Нөмірі: [Нөмірі] Берілген күні: [Берілген күні]	[Өтініш берушінің атауы]
[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].	
[Қол қоюшының лауазымы]	[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда)]
	
<p><small>Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.</small></p>	

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
13-қосымша

"Заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар 13-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік

ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шеңберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлінісінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды қалыптастырады (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 319 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 319 бұйрық) бекітілген азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидаларының талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі лицензиялар туралы, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған меншік құқығында дайын пиротехникалық өнімді өткізу және сақтау қоймасы үшін арнайы жабдықталған үй-жайларды растайтын рұқсаттар туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), қарсы көрсетілімдердің, өтініш берілген қызметті жүзеге асыруға байланысты (психикалық ауру, алкогольизм немесе нашакорлық) көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады.

Заңды тұлғаларды тексеруді қызмет берушінің қызметкері үй-жайларды, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақтау және есепке алу жағдайларына, № 319 бұйрықпен белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін өз бетінше барып жүзеге асырады немесе полиция органдарының қалалық және аудандық бөліністеріне сұрау салу жібереді, тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі ішкі істер органдары бөліністерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген) 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні тексеру туралы акт толтырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және

олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген) 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсаттың және оған қосымшасын заңды тұлғаларға рұқсат дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nitec.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, қадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе рұқсат бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Заңды тұлғаларға азаматтық
пиротехникалық заттар мен олар
қолданылып жасалған
бұйымдарды сатып алуға рұқсат

"Заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып алу берілген рұқсат көзделген жағдайлар мен негіздемелер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Салық және өзге бюджеттік міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 3 АЕК құрайды. Мемлекеттік қызмет алу үшін электрондық түрде порталда төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылуы мүмкін
		1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері

үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:

1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;

2) www.egov.kz. Порталында

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсаттар беру үшін:

заңды тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың мәліметтері; пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сатып алуға жауапты адамдарды (адамды) тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі;

ерекшелігімен қоса бере отырып, пиротехникалық заттар мен олар

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

қолданылып жасалған бұйымдарды жеткізу шартының (келісімшарт) электрондық көшірмесі;

өнеркәсіптік жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар

қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға лицензиясы бар ұйымның азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды 4-сыныпты сақтауға арналған шартының электрондық көшірмесі (меншік құқығында дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған қойма болмаған жағдайда).

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі лицензиялар туралы, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған меншік құқығында дайын пиротехникалық өнімді өткізу және сақтау қоймасы үшін арнайы жабдықталған үй-жайларды растайтын рұқсаттар туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), қарсы көрсетілімдердің, өтініш берілген қызметті жүзеге асыруға байланысты (психикалық ауру, алкогольизм немесе нашақорлық) көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады.

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың,

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

объектілердің, деректер мен мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 319 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) бекітілген азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылуы;

6) Қазақстан Республикасы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету

10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777
----	--	--

"Заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
1-қосымша

Заңды тұлғаның азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып алуға рұқсат алуға өтініші

— (көрсетілетін қызмет берушінің толық атауы)

— (заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып

сатып алуға, сақтауға рұқсат беруіңізді сұраймын _____

— (атауын, санын, салмағын, өлшемін көрсету)

Электрондық пошта _____

— Телефондар _____

— Факс _____

— Қызметін жүзеге асыратын мекенжайы

— пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат,

(стационарлық үй-жай) нөмірі)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны расталады.

Заң тұлғаның басшысы ЭЦК _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "____" _____

"Заңды тұлғаларға азаматтық
пиротехникалық заттар мен олар
қолданылып жасалған
бұйымдарды сатып алуға рұқсат
беру" мемлекеттік қызметін
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
2-қосымша

Заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру мәліметтерінің нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

—
(заңды тұлға)

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

—
3. Заңды тұлғаның атауы _____

—
4. Пиротехникалық заттар мен бұйымдарға қол жеткізуге үміткер адамдардың тегі,
аты,

әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі

—
5. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісінің нөмірі

—
Тексерудің аяқталған күні _____

—
Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

—
6. Объектінің кадастрлық нөмірі (дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған

арнайы жабдықталған сауда үй-жайының және қойманың меншік құқығында) _____

Есеп құжаттамасы _____

7. Пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың дайын өнімін

және олардың құрамдас компоненттерін есепке алу кітабын ашу күні _____

8. Дайын пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды көтерме

тұтынушыларға жіберуді есепке алу кітабын жүргізу күні _____

9. Түрі бойынша лицензия берген органның атауы, берілген күні, нөмірі қызмет

10. Сақтауға жататын пиротехникалық заттар мен бұйымдардың атауы және саны (салмағы, мөлшері)

11. Сатып алуға, сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі, қол қойылған күні _____

12. Дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған үй-жай мен қойманы жалға алу құқығын растайтын құжаттар _____

Заңды тұлға қызметкерлеріне мәліметтер _____

Өтінім берілген күн _____

"Заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына
2-қосымша

--	--	--

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы]) Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері



[Орыс тілде қызмет берушінің атауы]) Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері

Дәлелді бас тарту хаты

Нөмірі:

[Нөмірі]





Берілген күні: [Берілген күні]

[Өтініш берушінің атауы]

[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] заңды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].

[Қол қоюшының лауазымы]

[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда))



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 254 бұйрыққа
14-қосымша

"Азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар 14-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.01.2021 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 832 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және "Азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесінен тұратын ақпараттық жүйе;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда өтеулі көрсетілетін қызметтер шенберінде төлем жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлінісінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) негізгі талаптар Тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды қалыптастырады (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту). Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 319 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 319 бұйрық) бекітілген азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидаларының талаптарына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінде көрсетілетін қызметті беруші соттылыққа қойылатын талаптары бар электрондық сұрау салуды қалыптастырады және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі лицензиялар туралы, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған меншік құқығында дайын пиротехникалық өнімді өткізу және сақтау қоймасы үшін арнайы жабдықталған үй-жайларды растайтын рұқсаттар туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), қарсы көрсетілімдердің, өтініш берілген қызметті жүзеге асыруға байланысты (психикалық ауру, алкогольизм немесе нашакорлық) көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады.

Заңды тұлғаларды тексеруді қызмет берушінің қызметкері үй-жайларды, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақтау және есепке алу жағдайларына, № 319 бұйрықпен белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін өз бетінше барып жүзеге асырады немесе полиция органдарының қалалық және аудандық бөліністеріне сұрау салу жібереді, тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі ішкі істер органдары бөліністерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 13694 болып тіркелген) 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні тексеру туралы акт толтырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қарап және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №133 "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген) 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсаттың және оған қосымшасын заңды тұлғаларға рұқсат дайындайды.

Негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің ақаулығы жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап sd@nitec.kz электрондық почтасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы авторизация сәтінен бастап қателік туындаған сәтке дейін қателік болған нақты уақытты көрсете отырып, қадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе рұқсат бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша міндетті түрде ақпарат ұсына отырып, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын хабардар етеді.

10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетті атқарушы. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына қызмет берушісі мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағым мен әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет
Қағидаларына
I-қосымша

"Азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полиция аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сақтауға берілген рұқсат көзделген жағдайлар мен негіздемелер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сақтауға заң тұлғаларға ақысыз негізде көрсетіледі.
		1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының

7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері</p>	<p>еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілеті:</p> <p>1) қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz. Порталында</p>
8	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі</p>	<p>азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру үшін:</p> <p>заңды тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;</p> <p>дайын пиротехникалық бұйымдарды сатуға арналған және оларды сақтауға арналған қоймалар меншік құқығын растайтын құжаттар мәліметтер нысанында көрсетіледі немесе дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған қойманы жалға алу құқығын растайтын электрондық құжат көшірмесі қоса беріледі.</p> <p>Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі лицензиялар</p>

		<p>туралы, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған меншік құқығында дайын пиротехникалық өнімді өткізу және сақтау қоймасы үшін арнайы жабдықталған үй-жайларды растайтын рұқсаттар туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), қарсы көрсетілімдердің, өтініш берілген қызметті жүзеге асыруға байланысты (психикалық ауру, алкоголизм немесе нашакорлық) көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 319 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) бекітілген азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p>

		<p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылуы;</p> <p>6) Қазақстан Республикасы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады "1414", 8-800-080-7777</p>

"Азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
I-қосымша

Заңды тұлғаның азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсат алуға өтініші

(көрсетілетін қызмет берушінің толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып

сатып алуға, сақтауға рұқсат беруіңізді сұраймын _____

(атауын, санын, салмағын, өлшемін көрсету)

Электрондық пошта _____

Телефондар _____

Факс _____

Қызметін жүзеге асыратын мекенжайы

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат, (стационарлық үй-жай) нөмірі)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін.

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны расталады.

Заң тұлғаның басшысы ЭЦК _____

Толтырған күні: 20__ жылғы " ____ " _____

"Азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
2-қосымша

Азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы

(заңды тұлға)

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

3. Заңды тұлғаның атауы _____

4. Пиротехникалық заттар мен бұйымдарға қол жеткізуге үміткер адамдардың тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі

5. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісінің нөмірі

Тексерудің аяқталған күні _____

Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

6. Объектінің кадастрлық нөмірі (дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған арнайы жабдықталған сауда үй-жайының және қойманың меншік құқығында) _____

Есеп құжаттамасы _____

7. Пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың дайын өнімін

және олардың құрамдас компоненттерін есепке алу кітабын ашу күні _____

8. Дайын пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды көтерме

тұтынушыларға жіберуді есепке алу кітабын жүргізу күні _____

9. Түрі бойынша лицензия берген органның атауы, берілген күні, нөмірі қызмет

10. Сақтауға жататын пиротехникалық заттар мен бұйымдардың атауы және саны (салмағы, мөлшері)

11. Сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі, қол қойылған күні _____

12. Заң тұлға жұмысшылардың мәліметтері _____

Өтінім берілген күн _____

"Азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет
Қағидаларына
2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы] Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері		[Орыс тілде қызмет берушінің атауы] Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері
Дәлелді бас тарту хаты		
Нөмірі: [Нөмірі] Берілген күні: [Берілген күні]	[Өтініш берушінің атауы]	
[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішіңізді қарап, [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың нөмірі] азаматтық пиротехникалық заттарды және оны қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру (беруде) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлаймыз. [Бас тарту себебі].		
[Қол қоюшының лауазымы]	[(Қол қоюшының аты-жөні (бар болған жағдайда))]	
		
<small>Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.</small>		

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 395 бұйрығы (2015 жылғы 28 мамырдағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11211 болып тіркелген);

2. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың, жарылғыш материалдардың айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 мамырдағы № 474 бұйрығы (2015 жылғы 1 шілдедегі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11514 болып тіркелген);

3. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың, жарылғыш материалдардың айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 395 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 196 бұйрығы (2017 жылғы 27 сәуірдегі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15041 болып тіркелген);

4. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың, жарылғыш материалдардың айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 мамырдағы № 474 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 15 шілдедегі № 488 бұйрығы (2017 жылғы 19 тамыздағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15518 болып тіркелген);

5. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 395

бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 867 бұйрығы (2018 жылғы 6 желтоқсандағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17877 болып тіркелген);

6. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 мамырдағы № 474 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы № 67 бұйрығы (2019 жылғы 1 ақпандағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18258 болып тіркелген).